

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 186 (9504) || 1954 жылғы 18 Сентябрь Сенбі || Шығуына 35 жыл және саны 20 тыйын.

Колхоз, совхоз өндірісіне партия басшылығы жақсартылсын

Безір облысымыздың колхозшы шаруалары мен МТС, совхоз қызметкерлерінің қажырлы еңбектері ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны жүзеге асыруда жаңа табыстарға жету мақсатына бағытталып отыр. Облыс еңбекшілері сентябрь айы ауылшаруашылық жұмыстарының маңызды салаларын: егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруды, зыб жыртыуды, мал қыстату маусымына әзірлікті аяқтауда ең шешуші ай екенін тәжірибеден жақсы біледі. Мәселе ауылшаруашылық қызметкерлерінің өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, ауылшаруашылық жұмыстарын қысқа мерзімде табысты аяқтауда болып отыр.

Бұл мақсаттың ойдағыдай орындалуы ауыл шаруашылығына партия басшылығы дәрежесінің жоғары болуына тікелей байланысты. Село партия ұйымдарының кезек күттірмейтін айбынды міндеті, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасындағы ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың жайын онан әрі жақсартып, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру, зыб жыртыу, мал қыстату маусымына үлгілі әзірлену жұмыстарын партия мен үкмет қойған талаптарға сай ұйымдастыру болып табылады. Қай жерде колхоз, совхоз, МТС өндірісіне партия басшылығы қамтамасыз етілсе, сол жерде жұмыстың табысты болып отырғанын өмір айқын дәлелдеп аселеді.

Мәселен, Мамлют, Киров совхоздары, Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоз егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтады. Аталған шаруашылықтардың астық үшін күресте елеулі табысқа жетулерінің сыры мынада: партия ұйымдары коммунистерді жұмыстың шешуші учаскторіне белгілеп, олардың еңбекке өнеге көрсетуіне, басқаларды сондарынан өрте білуіне жетісті. Олар бұқаралық-саяси жұмыстың бүкіл әсерін техниканы тиімді пайдалану, комбайншылар мен тракторшылардың, колхозшылар мен жұмысшылардың социалистік жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай орындау, озаттардың жұмыс тәжірибелерін жалпының игілігіне айналыру мақсатына бағындырды.

Бірақ, жоғарыда аталған партия ұйымдарының игілікті істері біздің жұмысы-

тия комитетінің бірінші секретары Макаров жолдас бұл колхоздың егіс даласында жиі болып, механизаторлар мен колхозшылар арасында үгітшілердің болмайтынын, көрнекі үгіттің ұйымдастырылмағанын көздерімен көріп жүр. Бірақ, не пайда олар егіншілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайын жақсарту жөнінде ешқандай шара қолдануды қажет деп танып келеді. Осылай болғандықтан бұл колхозда партия ұйымының бұқарамен жұмысы туралы қандай сөз болуы мүмкін.

Дәл осындай жағдай Мамлют ауданының бірқатар колхоздарынан да кездеседі. «Заря коммунизма» колхозы партия ұйымының секретары Карастелов жолдас басқаны айтпағанда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру науқаны кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың жоюларын жасауды да естен шығарған. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Құсайынова жолдасының колхозда үнемі бола тұрып, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыруға еңжар қарауына таңымыз бар.

СОБН Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумының қаулылары партия ұйымдарынан колхоз, совхоз өндірісіне басшылықты жақсартуды, ауылшаруашылық қызметкерлерінің өндірістік белсенділіктерін барған сайын арттыра беруді талап етті. Олай болса, бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығына басшылық жасауда орын алып келген елеулі кемшіліктерді дереу жоюып, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру, басқа да ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізу күресіне ұйымдастыра білуге тиіс.

Ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізу үшін колхозшылар мен механизаторлардың еңбегін дұрыс ұйымдастырудың, техника күшін толық пайдаланудың зор маңызы бар. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда комбайндар мен жүк тасығын машиналар шешуші роль атқаратынын мәлім. Алайда көп жерлерде комбайндар мен автомашиналардың қуаты толық пайдаланылмай отыр. Партия ұйымдары әрбір комбайншы мен шофердің күнделік тапсырманы атырып, өнімдерін өндірісіне

Бұдан 13 жыл бұрын мен бірінші рет комбайн штурвалында болған едім. Алғашқы маусымда «коммунар» комбайнымен 240 гектар егін жыйнадым. Сол маусымның аяқ кезінде -ақ комбайн бөлшектері құрылыстарын жақсы түсініп, барлық реттерінің тәртібін білдім. Келесі жылы маған «Сталинец-1» комбайны бекітілді. Бұл комбайнмен 10 маусым бойы жұмыс істедім. Осы уақыттың ішінде машинаның барлық жағынан да меңгеріп, қандай жағдайда болса да комбайнның өнімді жұмыс істеуіне жеткітім. Менің маусымдық жұмыс мөлшерім 750 гектар болды. 1952 жылдан бастап «Сталинец-6» комбайнымен маусымдық жұмыс мөлшерін 975 гектарға дейін жеткізін жүрмін. Көзір осы комбайнмен үшінші маусым жұмыс істеймін. Быйғыдай ауа райының жағдайсыз, ылғалды кездерінің өзінде күн сайын орта есеппен 26—27 гектар жердің егін жыйнауамын. 1951 жылы партия мен үкметіміз менің еңбегімді жоғары бағалап, Социалистік Еңбек Ері атағын берді.

Комбайнның тоқтаусыз және өнімді жұмыс істеуінің басты шарты — машинаның жоғары сапада жөнделіп және оған техникалық күтімнің мезгілінде болып отыруынан. Жұмыс кезінде машинаның бөлшектеріне ерекше назар аударып, олардың қалжып тозуға жуықтағанын жөндеу кезінде міндетті түрде ауыстырамын. Комбайнды жөндеуден қабылдап алған кезде жаңа бөлшектердің жақсы орнатылуын қарап, бүкіл маусым бойына олардың жұмыс істеу тәртібін бақылаймын.

Жөндеу кездерінде комбайн жұмысын жақсарту түсуге бағытталған әдістерімді басқа комбайншыларға да айтуды жөн деп білемін.

Жөндеу кезінде мен жем бергіш транспорттерге, шөп-сабан комбайндарына

налатын алқатты аралап шығамыз. Сөйтін, қай егіннің қай кезде жыйналуға тиіс екенін, заңдарды қалай бөлетіндігімізді және көлік пен машинаның жүретін жолдарын белгілейміз. Осылайша жасал-



ған жоспар бойынша жұмыс егінді піскен учасктортерде кезектеліп жүргізіліп отырылады.

Агрегаттың жұмысы өнімді болуы агрегат составының дайындығына да байланысты. Сондықтан мен агрегатта жұмыс істейтін тракторшы Ж. Сапелов, А. Круподерова және сабан үюшілермен жұмыс жайында күнбүрүн өңімделіп алдым. Оларға техникалық күтім жайында

майлау, жанар май жүретін жүйелерді тексереді. Ал, сменашысы трактор бөлшектерін майлап, олардың босағандарын бекітеді. Комбайнның техникалық күтімі де машинаның шаңын тазартудан басталады. Мұнда комбайншы, оның көмекшісі және сабан үюшілер өздеріне белгіленген бөлшектерді тазартады. Комбайнды түгел шаң-тозаңнан арылтықаннан кейін ғана машинаның негізгі бөлшектері тексеріліп, сабан үюші мен комбайншының көмекшісі бөлшектерді майлап бекіту жұмыстарына кірседі. Техникалық күтім аяқталғаннан кейін агрегат іле жұмысқа кірседі. Мен комбайн бір-екі айналып шыққанша комбайнның қалай жұмыс істеп келе жатқанын тексеремін де одан соң комбайнды көмекшіме беріп түскі тамаққа дейін дем аламын. Бізде тамақты ас пісіруші агрегат басына әкеліп береді. Түскі тамақ кездерінде де жұмыс тоқталмайды. Тамақ уақытында тракторшыларды олардың сменашылары ауыстырады да, комбайншының көмекшілерінің орнына комбайншылар өздері барады. Ал, сабан үюшілер кезектесіп тамақтанады. 18 сағат өткен соң агрегат техникалық күтімге тоқтайды. Техникалық күтім жүргізу тәртібі таңертеңгі ретте болады. Осы кезде агрегат басына кешкі тамақ жеткізіледі. Смена ауысып болғаннан кейін комбайнға комбайншылардың өздері барады да олардың көмекшілері тынығуға қайтады.

Түнгі уақыттарда қашан шық түскенше жүреміз. Ал, шық жоқ күндері таң атқанша істейміз. Комбайннан астық түсіруге бізге борттары жоғарылатылған «ГАЗ—51» машинасы бекітіліп берілді. Бункерден астық комбайн жүріп келе жатқанда түсіріледі. Комбайндардың топыбымен жұмыс іспеуі агрегаттарды қамтуда да көптеген жеңілдіктер жасау

ОЗАТ ТӘЖРИБЕ—КӨПКЕ ОРТАҚ

Менің егін жыйнауадағы тәжірибем

Халықтық демократия елдерінде

Поляк селосында В. И. Ленинге ескерткіш ашылуы

ВАРШАВА, 14 сентябрь. (СОТА). Поляк совет достығының айлығымен байланысты Познань воеводствосындағы Свобода селосында халықаралық жұмысшы табының көсемі, дүние жүзінде алғаш рет социалистік мемлекет орнатқан Владимир Ильич Ленинге арналған ескерткіш салтанатты ашылды. Ескерткіштің ашылу алдында маңайдағы деревнялардан 4 мыңға жуық еңбекші шаруалар жыйналды. Сол сыяқты, ескерткіштің ашылуына Познань воеводствосының өндіріс орындарының жұмысшы делегациясы қатысқан.

Ескерткіш поляк-совет достығы қоғамының жергілікті ұйымы мен жергілікті мектептердегі ССРО достары үйірмесінің инициативасы бойынша орнатылған. Ескерткіш мектеп үйінің алдына қойылды.

Совет артистерінің Софиядағы концерті

СОФИЯ, 14 сентябрь. (СОТА). Кеше «Болгария» концерт залында Болгарияда қонақ болып жатқан совет артистерінің концерті қойылды. Концерт залы адамдарға лық толған. Концертке Болгария Халық жыйналымы Президиумының председатели Г. Дамьянов, Болгария Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен үкмет мүшелері, сол сыяқты Болгариядағы ССРО ның Елшісі Ю. К. Приходов, дипломатиялық Корпусының мүшелері қатысты.

РСФСР-ға еңбегі сіңген артист, виолончелист С. Кнушевицкийдің, Ленинградтың С. М. Киров атындағы Опера және балет театрының солисткасы В. Максимовааның, пианистка Т. Николаевааның, Башқұрт АССР-ы Мемлекеттік Опера және балет театрының солисткасы З. Насретдиновааның және Башқұрт АССР-ның халық артисі Х. Сафиуллиннің, РСФСР-дың еңбегі сіңген артисі Ленинград Кіші Опера театрының солисі С. Шапошниковтың орындауларын залда отырған жұрт жылы жүзбен қарсы алды.

Концерттің екінші бөлімінде Орал халық хорының орындауы зор табыспен өтті.

Концертке қатысушыларды мәдениет министрлігінің өкілі Н. Башев шын жүректен құттықтады. Жауап сөзде совет

бүрмемелер алмайды. Жасыратыны жоқ, бірқатар жерлерде ауылшаруашылық жұмыстарына партия басшылығы партия-мыздың Орталық Комитеті қойған міндеттердің дәрежесіне сай емес. Облысымызда ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізудің, әсіресе егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқыны өте баяу болуының басты бір себебі, міне осында.

Бірқатар бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда басшылықтың үстірттік әдісінен арылмай келеді. Кейбір партия қызметкерлері колхоздар мен совхоздарда болғанда тек шаруашылық жұмыстардың барысы жөнінде мәліметтер жыйнау және жалпылама нұсқау беруден болып, бастауыш партия ұйымдарының жұмысына, егіншілер мен мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа назар аудармайды. Мұның өзі шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесіне керісінше әсер етпей отырған жоқ.

Мәселен, Қонюхов ауданы Қуйбышев ауданындағы колхозда егіс бригадалары мен комбайн агрегаттарында социалистік жарыс формальді ұйымдастырылған. Механизаторлар мен колхозшылардың социалистік жарысының барысы тексеріліп, оның қорытындысы өндірістік жыйналыстар мен жауыпкерлік листоктарда, үгітшілердің әңгімелерінде жарияланбайды. Колхоз партия ұйымының секретары Музыченко жолдас егіншілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың бетімен жіберілуіне жол берген.

Бұл жағдайды аудандық партия комитеті білмейді деуге болмайды. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі қызметкері, сондай-ақ аудандық шар-

уашылық жұмыстарының барысына жауапты емес. Сонымен қатар астық қырмаңдары мен дайындау пункттерінде жұмыстың тәулік бойы ұйымдастырылуына, астықтың ысыраққа ұшырамауына ерекше назар аудару қажет.

Партия ұйымдары, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің басшылары егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқынын күн сайын арттырумен бірге зяб жырту, мал азығын дайындау, мал қораларын жөндеу және басқа осы сыяқты ауылшаруашылық жұмыстарын ұштастыра жүргізуге тиіс.

Бұқаралық-саяси жұмыс — шаруашылық міндеттердің ойдағыдай орындалуының кепілі. Сондықтан партия ұйымдары бұл күндері егіс бригадаларындағы колхозшылар мен механизаторлар арасында, мал фермаларында және басқа жұмыс участоктеріндегі еңбекшілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін мазмұнды ұйымдастырып, ауыл шаруашылығы жылын табысты аяқтау жөніндегі социалистік жарыстың туын жоғары ұстауға тиіс. Бұл үшін үгіт-көпестің жұмысына басшылық пен бақылауды мейлінше жақсарту қажет. Бұл жөнінде аудандық партия комитеті, оның МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарына қажетті көмек көрсетуге міндетті. Партия қызметкерлері жергілікті жерлерде болғанда колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің әрбір тобымен жұмысқа баса назар аударып, олардың тілектері мен ұсыныстарына құлақ асу арқылы бұқараның өндірістік белсенділіктерін бастай білулері керек.

Ауылшаруашылық жұмыстарына партия басшылығын шұғыл жақсартып, колхоз, совхоз өндірісін ұйымдастыруда жаңа табыстарға жете берейік!

ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЕСІНЕ

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет атқомі, 1954 жылдың 24 сәуірі күні, күндізгі сағат 2-де қалалық партия комитетінің оқу үйінде (Ленин көшесі, 57 үй) еңбекшілер депутаттарының қа-

лалық Совет атқомінің XIII сессиясы (төртінші шақырылуы) шақырылатынын қалалық Совет депутаттарының есіне салады.

ТЫҢ ЖЕРЛЕРДІ БАРЛАУ

Шаруашылық мақсатына онан әрі игеру үшін жаңа тың және тыңайған жерлерді барлау Қазақстанда онан әрі жүргізілуде. Бұл жұмыстарға мыңға жуық жерге орналастырылған, топырақ зерттеушілер, агрономдар, гидротехниктер, көптеген колхозшылар қатысуда. Республиканың 4 облысында кәзірдің өзінде-ақ 45 миллион гектар зерттелді.

Белгілі бір участка тіріктен алардан бұрын мамандар мен ғалымдар топырақты зерттеп, оның ауылшаруашылық дақылдарын егуге жарамдылығын анықтайды. Жаңа жерлерді игергенде техникалық және тұрмыстық қажеттерді өтеу үшін су

көздерінің болуына зор маңыз беріледі. Кәзір 8 миллион 332 мың гектар егінге жарамды тың және тыңайған жерлер іріктеліп алынып, картаға түсірілді.

Колхоздар мен совхоздарға жаңа жерлерді бөліп беру басталды. Көкшетау облысында колхоздарға көздің өзінде 27 мың гектар тың және тыңайған жерлер бөлініп берілді. Қостанай, Бөксетау, Ақмола және басқа облыстарда жаңа астық совхоздарын ұйымдастыру үшін жерге орналастырушылар екі миллион гектардан аса тың және тыңайған жерлерді бөлі.

(ҚазТАГ).

планшалардың жиі сынбауы үшін олардың арасын жақындатып. Ол үшін планка бұрынғыдай төрт буыннан кейін емес, үш буыннан кейін қойылатын болды. Қоқымның транспортер астына түсіп кетпеуі үшін транспортер планкасы мен қабылдағыштың жиегі арасындағы қашықтықты екі-үш миллиметр етіп орналастырды.

Быйылғыдай жауын-шашынды жылдары ылғалды және арам шөпті егінді жыйнау үшін дән тартқыш транспортерлерге полотно шегелейміз. Полотноның тез тозып қалмауы үшін ол планкаға түгелдей тігілмей, жіңішке таспа сыяқты түйініп планканың екі жағына орнатылады.

Хедердің ауыққы жағына ұзындығы 80 миллиметр және жалпақтығы 15 миллиметр рейка орнатамын. Сонда хедердің ауыққы жағындағы қабылдауыш камерадан рейка 50 миллиметрдей полотноның шетіне шығып тұрады. Бұлай етіп орнатқан рейка полотноның астына қоқым және қыйылған шөп-сабандардың түспеуін қамтамасыз етеді де, хедердің бас валігіне шөп-сабан оралудан сақтандырады.

Агрегат түнде жұмыс істеуі үшін электр жарығымен жабдықталған. Трактордың өзінің жарығы болса, комбайндарға жарық динамодан үш фара арқылы беріледі. Бір фара—двигательдер мен хедерді, екіншісі—буынер мен қырқылған аңыздың үстіне, үшіншісі сабан үйгіш пен транспортерлерге жарық береді.

Жөндеу аяқталған кезде мен комбайнды барлық керекті, әртүрлі мөлшердегі жұлдышалар мен және өртке қарсы құралдармен жабдықтаймын.

Егін жыйнауға шығар алдында колхоз агрономымен бірлесе отырып, егінді жый-

Совет ауданының Киров атындағы колхозында егінді бұл мерзімге дейін ысырақсыз жыйнап алуға мүмкіншілік жеткілікті болды. Колхозда Шағлы МТС-нің 8 комбайны жұмыс істеп жүр. Егер бұл комбайндар егін жыйнауға өнімді пайдаланылған болса, онда колхоз бұл уақытқа дейін егін жыйнауды аяқтаған болар еді. Бірақ, колхоз председателі Дидижин, партия ұйымының секретары Петренко ескертеді: «Колхоз агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне қатаң бақылау жасамады. Комбайн буыкерлерінен қырмаңдарға астық тасуға транспортты жеткіліксіз бөлді. Техникалық жарамсыздықтан да машиналардың көп уақыты босқа өтті. Осының барлығы колхозда әлі күнге дейін 1100 гектар егіннің сабақта тұрып, ысырап болуына әкеліп соғуда.

Сабақта тұрған 153 гектар сұлының 15 проценті ысырап болған. Осы сыяқты, 700 гектар жаздық бидайдың да дәлі құйылуда. Астықтың мұндай ысырап болуы колхоз, МТС басшыларын тіпті қызықтандырмайды.

Мұнда астық тазарту және тазартылған астықты мемлекетке жөнелту жұмыстары мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп келе-

ді. Егер комбайндар жеке-жеке жүрген болса, комбайннан астық тасуға машиналар бұдан да көп керек болар еді, немесе машинаның жетіспеуінен астық түсіруде кезек күтумен босқа тұрып қалар едік. Комбайнды топ-тобымен пайдаланғанда еңбек өнімділігі шұғыл артады, комбайндардан дәлі түсіру, жанар май мен суды тасып әкелу тыңғылықты ұйымдастырылып, комбайн агрегаттарының техникалық күтімі жақсарды. Сонымен қатар комбайншылар бір-бірінің жыйнаған егіннің сапалылығын бақылап, жұмыс сапасын жақсартты. Бізде егінді жыйналған жер сабаннан іле тазартылды. Мұның өзі осы жерлерді қолма-қол жыртуға немесе сыдыра жыртуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, егін жыйнау жұмысын аяқтаумен бірге желесі жылдың егінне жұмысталған жерлер де дайындалды.

Біздің топтың комбайншылары төмендегідей социалистік міндеттеме алды: механик-комбайншы Василий Перевертало 20 жұмыс күні ішінде өзінің жүретін комбайнмен 500 гектар егін жыйнап, 6 мың центнер астық бастырмақшы, Ал, комбайншы Михаил Дремин осы уақыт ішінде 600 гектар жердің егінін жыйнап, 7500 центнер астық бастырады. Мен өзім 700 гектар жердің егінін жыйнап, 10 мың центнер астық бастыруға міндеттендім.

Осы жылғы ауа райының жауын-шашынды кездерінде егін жыйнауға үздік көрсеткіштерге ие болғаным үшін ауыл шаруашылығы көрмесінің бас басқармасының қаулысы бойынша 1954 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысушы болып бекітім.

А. АСАДУЛАЕВ,

Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері.

Ысыраққа қарсы күрес жоқ

Бұған алдымен колхозда еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы негізгі себеп болуда. Колхозшылардың бірсыпырасы қоғамдық жұмыстарға қатыспайды. Қырмаңдарда астық тазарту бір сменада ғана ұйымдастырылған. Егер еңбек дұрыс ұйымдастырылған болса, онда бұл колхоз қолда бар астық тазартқыштармен күн сайын кемінде 2 мың центнер астық тазартқан болар еді. Не пайда, колхоз қырмаңдарындағы екі астық пульті, бір сортировка және бір велька астық тазартуға қатыстырылмайды.

Колхозда астық дайындау ісі де нашар ұйымдастырылған. Қырмаңда 4 мың центнер астық жатса да, колхоз мемлекетке астық тапсырудың бескүндік тапсырмасын үнемі орындай алмай келеді. № 2 қырмаңда астық өлшенбей қабылданады. Жағдай «Көктерек» колхозында да осындай деу керек. Осы уақытқа дейін мұнда мемлекетке астық тапсыру жоспары небары 48 процент ғана орындалды. Ал, егін ору қарқыны бұдан да төмен. Мұнда да 270 гектар сұлының, 60 гектар бидайдың дәлі жаппай құйылуда. Колхозда комбайндар егін оруға өнімсіз пайдаланы-

панисткасы Т. Николаевна сөйледі.

ГДР Халық палатасының төрт жылдық мерзімдегі жұмысын қорытындылау

БЕРЛИН, 16 сәуір. (СОТА). ГДР Халық палатасының кешегі мәжілісі республикада жоғарғы заң шығару органының төрт жылдық жұмысын қорытындылады. Мәжілісті аяқтауда Халық палатасының председателі Йоганнес Дикман Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы төрт жыл бойына герман халқының мүддесі үшін жұмыс істеді деп атап көрсетті. Өткен төрт жыл бойынша экономикалық және мәдени өркендеу жолында республика еңбекшілерінің қол жеткен үлкен табыстары жөнінде айта келіп, Дикман Совет Одағымен бейбітшілік және демократия лагеріндегі халықтардың адал ниетті көмектеріне алғыс айтты. Сол сыяқты, олардың көмегісіз республикада қол жеткен табыстар болмас еді деп атап көрсетті.

Чехословакия өндірісіндегі қант қызылшасын жыйнайтын алғашқы комбайн

ПРАГА, 16 сәуір. (СОТА). Чехословакияда қант қызылшасын жыйнау маусымы жақындап келеді. Быйылғы жылы мемлекеттік шаруашылық пен біртұтас ауылшаруашылық кооперативтері қант қызылшасын отандық өндіріс жасап шығарған қант қызылшасын жыйнауға арналған комбайнның көмегімен жыйнайды. Мұндай алғашқы комбайн Ичиндегі «Агрострой» ауылшаруашылық машина жасау зауытында жуық арада жасалынып шыққан болатын. Мұны алғашқы сынақтан өткізілгеннен кейін қант қызылшасын жыйнайтын Чехословакиялық комбайнның жоғары сапалы екені анықталған соң, завод мұны көптеп шығаруға кірісті. Қант қызылшасын жыйнау басталғанға дейін 150 комбайн шығарылатын болады.

Болгариядағы ірі су қоймасының құрылысы

СОФИЯ, 16 сәуір. (СОТА). Болгарияда Родоп тауының шығыс жақ бөлегінде «Студен кладенец» су қоймасының құрылысын дайындау жұмысы басталды. Бұл су қоймасы Арда өзеніндегі су энергиясы системасының алғашқы бөлігі болып табылады. Өзеннің екі жағасында да шоссе жолын салу жұмысы аяқталып келеді. Айдың аяғына дейін Ардада уақытша көпірдің құрылымы аяқталатын болады. Бетон зауыды, жұмысшылар мен инженер, техник қызметкерлеріне арналған 15 тұрғын үй, көмекші шаруашылық және қоғамдық тұрмыс орындары салынауда.

Темір бетонды плотина Арда өзенінің суын жоғары көтеріп, соның нәтижесінде ұзындығы бірнеше ондаған километрге созылатын су қоймасы пайда болады. Мұнда шығыс Родоптағы өнеркәсіп орындарын электр қуатымен қамтамасыз ететін 60 мың киловаттық күші бар су электр станциясы салынады.

Қ. ҚАСЕНОВ,

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Үгітші Елисеев

Қырман басына колхоздың таңдаулы үгітшілерінің бірі Виктор Елисеев жолдас келген еді. Қолында бір буда жаңа газет-журналдар. Үгітшінің көңілі, жылы сәлемдеріне жапа- тармағай жауап беріп, колхозшы әйелдер Елисеевті дәм татуға шақырды. Бригададағылардың Елисеевті арқашанда кәдір тұтатындығы, оның келуін ынтыға күтіп отыратындығы көрініп- ақ тұр.

Жұрт тамақтанып болғаннан кейін Елисеев жұмыс жайын, элеваторға бүгін неше машина астық жөнелтігенін, астық тасушылардың жұмысты қалай істеп жүргендерін сұрастыра бастады. Бұл сұрауларды іске жаны аштыңды, даладағы жұмыстың тетіктерін егжей-тегжейіне дейін білетін адамша өз пікірлерін де қоса сөйлеп отыруына қарағанда, оның өз ісіне жетік адам екенін аңғардық. Елисеев СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің жаңа жерлерді онан әрі игеру туралы қаулысы жөнінде түсіндірді.


—Егін жыйнаудағы адал еңбегіміз партия мен үлкеннің қаулысына біздің ең жақсы жауабымыз болады, — деді үгітші.

Одан әрі Елисеев жолдас бір күн ішінде бастырылған астық сол күні-ақ тазартылып, дереу элеваторға жөнелтілуі керектігін атап көрсетті.

—Біз кәзір көршілерімізден қалыңқырап қойдық. Бізбен социалистік жарысқа түскен колхоз, мемлекетке тассырылуға тиісті астықтың тең жартысын элеваторға жөнелтіп үлгерді. Егінді жыйнау қарқыны да бізден жылдам. Ал, сол колхоздағы, Вильяме атындағы колхоздағы жағдай да біздегідей. Бұдан шығатын қорытынды, меніңше (бұл айқын да!), ондағы колхозшылар жұмысты бізден гөрі жақсы істейді. Еңбекті дұрыс ұйымдастырып, қарқынын үдетуге бізде де мүмкіндіктер толық бар ғой, жолдастар, — деді Елисеев жолдас.

Үгітшінің әңгімесі көпшіліктің көкейіне қона кетті. Кеш түсе бидай елеушілер біржарым, екі нормадан орындап, өткен күндерге қарағанда элеваторға астықты көп жөнелтті.

Үгітші Елисеев өз жұмысында үгітшінің көрінісіне де көңіл бөліп отырады. Білкенге вагоншаның ішінде үгітші қолымен жазылған: «Егінді қысқа мерзімде және ысырапсыз жыйнап алайық!» — деген ұран көз тарттады. Колхозшыларды қажырлы еңбекке үндейтін ұрандар мен плакаттар қырман басында, веялқаларда, бричкаларда да жасасырған. Бригадада құнара «Жауынгерлік листок», аптасына бір рет «Мөл өнім үшін» атты қабырға газеті шығым тұрады. Үгітші қабырға баспасөзінде колхозшылардың мақалаларын жариялау арқылы жарыс озақтарының жетістіктерін әйгілеп, жалқауларды жерге қарата мінен отырады. Үгітшінің сөздері арқашанда нысанана дәл тиеті, колхозшылардың санасына берік ұялайды. Бұл түсінікті де. Өйткені ол бригададағы істің жайын жақсы біледі, колхоз



Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының мал фермаларында үгітшілер Мария Телегина және Евдокия Мигаль жолдастар жауынгерлік листоктарды мерзімінде шығарып тұрады. Олардың шығаратын жауынгерлік листоктарында колхоздың мал шаруашылығы озақтарының іс тәжірибелері кеңінен жазылады. Сонымен қатар онда мал шаруашылығын өркендетудегі, оған басшылықтағы кемшіліктер батыл сынға алынып отырылады.

СУРЕТТЕ: сол жақта үгітшілер Мария Телегина және Евдокия Мигаль жолдастар мал фермасында жауынгерлік листоктың кезекті номерін шығарып отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Партия оқуы жүйесіндегі партия оқуы қарсаңында

Быйыл паровоз депосының партия ұйымы партия оқуындағы өткен жылғы кемшіліктердің бетін ашып, олардан дүрыс қорытынды жасады. Мысалы, өткен оқу жылында насихат жұмысын ұйымдастыруда бюрократтық бұрмалаушылықтар орын алып келді. Соның нәтижесінде оқудың сапасы да өте төмен болды. Негізгі кемшіліктің бірі — коммунистердің оқуын ұйымдастыруда еріктілік принципі өрескел бұрмаланды. Дешода сегіз үйірме ұйымдастырылып, оларға 310 коммунистің бәрі де тартылған болатын. Осының бәрі коммунистердің мектеп пен үйірмелерге «100 процент қамтылуы» туралы рапорт беру үшін ғана істелді. Дешо партия комитетіндегілер егер коммунистер еріктілік принципі туралы түсіндірсе, саяси мектептер мен үйірмелер «ыдырайды», сондықтан да көптеген коммунистер оқымай қояды деп ойлады. Қанша өрескел болғанымен, өткен жылы өзіңнен оқытатын бірде-бір коммунист табылмады.

Дешода философия үйірмесі жұмыс істеді. Ал, бұл үйірмені басқаруға теориялық дайындығы бар насихатшының партия ұйымында жоғына ешкім де назар аудармады. Үйірме жұмысының дәрежесі төмен болғандығы да осыдан. Сондай-ақ, СОКП тарихын үйренетін жоғары типті үйірме де жұмыс істеді. Бұған бекітілген 30 коммунист (Козлов, Горин және тағы басқа жолдастардың) өздігінен оқырыптықтай жеткілікті дайындықтары бар еді. Алайда, бұл үйірменің тыңдаушылары белгілі бір шығармаларды, тақырыптарды бірнеше рет оқып, үйренген болса да, олардың өздігінен творчестволы жұмыс істегісі келетіні ескерілмей, үйірмелерге міндетті қатысуға мәжбүр етілді.

Үйірмелерде жасы асқан коммунистер, көп балалы аналар да оқыды. Дәлірек айтқанда, олардың фамилиялары тізімге ғана болды, ал, іс жүзінде мұндай коммунистердің (Цыганков, Конищева, Петров) үйірмелерге қатысуға мүмкіндігі бол-

дімшесінің саяси бөлімі, сондай-ақ РКШ қалалық комитеті де кінәлі. Өйткені, олар мұндай маңызды істегі елеулі кемшіліктерді кезінде көрмеді. Ол-олма, дешо партия ұйымы бұл қателіктерді түзеуге кіріскенде саяси бөлімнің қызметкерлері (Гагин жолдас) үйірмелер ыдырайды деп хат үйіткені, қайдағы бір «ағымдағы саясат үйірмесін» құруды ұсынды. Ал, мұндай үйірменің мүлде болмайтындығы белгілі. Теміржол бөлімшесінің саяси бөлімінің қызметкерлері (Гагин, Олифер жолдастар) жоғары типті үйірменің көптеген тыңдаушылары СОКП тарихын өздігінен үйрену жөнінде тілек білдіргенде, бұған мүлде қарсы болды. Бірқатар коммунистерге жалпы білімдерін көтеру үшін қажетті жағдай жасалмады. Осы себепті, кешкі мектептерде небары 9-ақ адам оқыды.

Бұқараны саяси тәрбиелеудің бірден-бір формасы — тек мектептер мен үйірмелер деп санайтын қызметкерлер мықтан қателеседі. Қала партия ұйымдарында коммунистердің саяси әдебиетті өздігінен оқып үйрену күші мен мүмкіндіктеріне сенбеу сыяқты зиянды әдеттің орын алып келуін тек осымен түсіндіруге болады.

Болған кемшіліктер мен қателіктерді жою отырып, дешо партия комитеті, цех партия ұйымдары быйылғы жылы коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Жұмыстың күрделілігіне қарамастан, біз әрбір партия мүшесімен және кандидаттарымен жеке әңгімелер өткізіп, олардың өздері қалаған оқу формаларын таңдап алуына көмектестік.

Партия оқуы жүйесін толықтыру жұмыстары быйыл 8 сентябрьде аяқталды. 130 адам марксизм-ленинизмді, СОКП тарихын, саяси әдебиетті өздігінен оқыды. СОКП тарихын үйренетін үш үйірме (екінші жыл оқытылуы) ұйымдастырылды. 30 адам өздерінің жалпы білім дәрежесін көтеру үшін жұмысшы жастар мектебінің 3—10 кластарында оқымақ.

алуына мүмкіндік берілді. Өздігінен оқытатын коммунистердің 58-і дешодағы теориялық семинарларға қатысады, 20 коммунист ағымдағы саясат материалдары, 10 адам халықаралық жағдай мәселелерін оқып, үйренбек. Көптеген коммунистер СОКП съездері мен конференцияларының материалдарын үйрену жөнінде жұмыс істейді. 30 коммунист аурулығы және тағы басқа себептермен оқудан босатылды.

Коммунистердің едәуір бөлегінің өздігінен оқуына байланысты адамдармен жаңды жұмыс ұйымдастыруда, оларға марксизм-ленинизмді үйренуде нақтылы көмек көрсетуде партия ұйымына үлкен міндеттер жүктелді. Осы бағытта бірқатар шаралар белгіленді. Партком жаңа оқу жылында дешода теориялық семинар ұйымдастыруды ұйғарды. Семинар тыңдаушылары үшін лекциялар циклі бекітіліп, консультанттар іріктелді.

Лекциялық насихатқа да ерекше назар аударылды. Үстеміздегі жылдың өзінде 20-дан астам лекция оқылды. Лекцияларға ынталану шұғыл артты. Өйткені, олардың мазмұны тартымды, теориялық тұрғыдан терең, ұстамды бола бастады. Лекциялардың тақырыптары да жан-жақты. Насихат жұмысын жақсартуға техникалық кабинет кітапханасы да үлес қосуда. Мысалы, ол библиографиялық тізімдер, «СОКП тарихын үйренушілерге көмек» витринасын жасап отырады. Парткомда коммунистер мен оларды қызықтыратын мәселелер туралы әңгімелесіп отыруды, кітаппен қалай жұмыс істеу керек және конспектіні қалай жазуға болатындығы туралы консультацияларды жүйелі өткізіп отыру белгіленді.

Партком дешо лекторийіне лектор етіп бес инженерді (Поляков, Ищенко, Собелов, Савин жолдастарды) және бес техникті бекітті. Үйірмелер насихатшылары іріктеліп, бекітілді. Олардың ішінде СОКП мүшелері дешонның бас инженері Солянкин, бас бухгалтер-техник Бондаренко

СОТА-НЫҢ ХАБАРЫ

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, соңғы күндері Совет Одағында атом қаруы түрлерінің бірі сыналды. Бұл сынау атом взрывының күшін зерттеу мақсатымен жүргізілді.

Сынау кезінде бағалы нәтижелерге қол жетті, бұл нәтижелер совет ғалымдары мен инженерлерінің атомдық шабуылдан қорғану жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешуіне көмектеседі.

Москваның транспорты

Таңертеңгі сағат алты... Москвада қайнаған еңбектің жаңа күні басталды.

Міне бұл жолаушы тасыйтын қалалық транспорт қызметкерлерінің көбірек абырсабыр болатын кезі. Ондаған мың адамдарды астананың орталығынан оның шет аймақтарында және іргесінде орналасқан заводтар мен фабрикаларға мерзімінде жеткізу керек. Ал, басқа адамдарды, мұның керісінше, қаладың орталығында орналасқан министрліктерге жеткізу қажет. Көп адамдар жоғары оқу орындарына, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне, музейлерге, магазиндерге баруға асығуда...

Отанымыздың астанасы 30 мың гектардан асатын орасан үлкен жерге қанатын кең жая орналасқан. Тверская, Бутирская, Калужская, Преображенская жаставалары және басқалары қаланың «қақпалары» болған уақыт әлдеқашан өтті. Совет өкметі жылдарында алып қала өзінің шекарасын анағұрлым кеңейтіп жіберді. Москваның бір шегінен екінші шегіне жету үшін 15, тіпті 20—25 километрге тең жерден өту керек. Бірақ бұл кәзір оншалық қиын емес. Қаланың басқа бөлігінде орналасқан Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркіне метрополитен поезімен Сокольникиден бару үшін 17 минут қана уақыт керек. Измайловтан Киев вокзалына 22 минутта, Курск вокзалынан Белорус вокзалына—10—11 минутта баруға болады.

Л. М. Каганович атындағы метрополитенде жолаушы қатынайтын тұрақты жол 1935 жылғы 15 майда ашылған болатын. Содан бері жер астындағы қалалық жолдың екінші, үшінші және төртінші кезектері іске қосылды. Осы жылғы 14 мартта үлкен айналым бойынша тікелей қатынайтын жол ашылды. Бұл жаңа трасса —бұған дейін жұмыс істеп келген аймақтық линияларды жағрастырып отырып 20 километрлік орасан үлкен магистраль. Ол астананың 18 ауданын және 7 темір жол вокзалын бір бірімен байланыстырды. Поезд түйік айналым бойында 12 жерде тоқтап, төрт жерде Москва өзені аркасының астымен өтіп, 30 минуттан кейін өзін жөнелткен пунктке қайтып оралады.

Москваның жер астындағы темір жолы өзінің ең шапшаң және дәл қатынайтын жол екенін айқын көрсетті. Көкпіл түсті экипрессер жер астында сағатына 65 километрге дейін шапшаң зымырайды. Күн тозгінің адам ең көп жыйналатын сағаттарында бұл поездар арасы 105 секунд сайын бірінен соң бірі түйік жүріп тұрады. Метрополитен күн сайын екі жарым миллионға жуық адам тасыйды. Жолаушыны көп тасуы жағынан ол Лондонның, Париждің, Нью-Йорктің жер астындағы темір жолдарынан анағұрлым басып озды.

«Победа» машиналары өтіп бара жатқанын көреміз.

Егер Маяковский алаңынан Белорус вокзалына қарай жүретін болсаңыз, Үлкен Грузин көшесі бойымен Горький көшесін кесіп өтіп бара жатқан трамвайларды көруге болады. Транспорттың бұл түрі москвалықтардың тұрмысында барған сайын зор роль атқаруда. Оның жылына бір миллиардтан аса жолаушы тасыйтынын айтсақ та жеткілікті. Әресе, сигара тәрізді, тұтас металдан жасалған, өздігінен апылатын есіктері бар шапшаң жүретін вагондарды москвалықтар сүйсіне пайдалануда. Трамвайдың 50 маршруты бар. Ол метрополитен трассасының жалғасы сыяқты. Оның жолдары астананың шет аймақтарына анарады, завод аудандарын, вокзалдарды өзара байланыстырады.

Трамвайдың жақын көмекшісі — қалалық транспорттың жер бетіндегі ең жас түрі троллейбус болып табылады. Ұзындығы жеті километрлік оның алғашқы линиясы Москвада 1933 жылы ашылған болатын, ал кәзір астана троллейбусының рөлсіз қатынайтын электр линиясының ұзындығы 300 километрдей болып отыр. 1 августа Москвада жаңа, 23-ші троллейбус маршруты ашылды. Ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясын қамтыды.

Астананың халқын қамту ісінде автомобильдің маңызы да кем емес. Москва қалалық транспорттың қызметкерлері үстеміздегі айда тамаша күнді — қалада автобус қатынасын ұйымдастырылғанына 30 жыл толуын атап өтеді. Кәзір астананың магистральіне күн сайын тұтас металдан жасалған, көп орынды «ЗИС-155» маркалы 1,200-дей автобус шығып тұрады. Соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда астанада автобус паркі екі есе артты. Автобустар 85 қалалық, қала шегіндегі және қаладан тыс маршруттар бойынша жүріп тұрады. Автобустар Москвадан Клинге, Можайскіге, Волоколамскіге, Коломнаға және Москва маңындағы басқа қалаларға, сонымен қатар еліміздің кейбір алыстағы қалалары — Харьковке, Симферопольге, Ялтаға және басқаларына баруға болады.

Жолаушылар көптеген автобустардың оң жақ қабырғасында кішкене жұлдыздардың суреттерін көреді. Бұл жұлдыздар машинаның күрделі жөндеусіз жүрген жолын бейнелейді. Әрбір жұлдыз машинаның 50 мың километр жол жүргейін көрсетеді.

Бүкіл тәулігі бойында үздіксіз жұмыс істейтін такси сыяқты транспорттың қалайлы түрін москвалықтар және астанаға келетін қонақтар мейлінше сүйсініп пайдаланады. Такси шақырып алуға болатын 20-дан аса диспетчер пункті қаланың алуан түрлі жерлерінде, соның ішінде астананың ең үлкен ГУМ магазині, Москва Мемлекеттік университетінің Ленин

Елисеев сыяқты үгітшілер Каганович атындағы колхоздың партия ұйымында аз емес. Үгітшілер агроном Мухина, коммунист Усков жолдастар колхозшылар қадіріне лайықты не болып жүр. Осының бәрі — колхоз партия ұйымы үгіт-бұқаралық жұмысқа көп көңіл бөлгендігінің нәтижесі. Егін жыйнау маусымы басталар алдында партия жыйналысында үгітшілер жеке учасқолдарға бекітіліп, жұмыс жоспары жасалған және лекциялар мен әңгімелердің тақырыптары бекітілген болатын. Агроном Мухина жолдас барлық бригадаларда да колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің әдісі жөнінде қызықты әңгімелер өткізді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы, колхоз есепшісі коммунист Усков жолдас колхозшыларға еліміздің алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының озат тәжірибелері, көрмеден, Москвадан алған әсерлері туралы әңгімелер айтып берді.

И. САДРОВ,

Мамлют ауданы, Каганович атындағы колхоз.

Насихатшылармен жұмыс та жеткіліксіз жүргізілді. Оқу жылының барысында 5 насихатшы ауысты. Осының салдарынан үйірмелер біріктіріле берді де, бар оқу жұмысы формальдылыққа барып тірелді.

Депо партия ұйымында насихат жұмысын ұйымдастырудағы өткен жылы елеулі кемшіліктердің болуына теміржол бө-

ларовозшылардың партия ұйымында быйылғы жылы коммунистердің 50 проценті өздігінен оқиды. Олардың ішінде бірінші дәрежелі машинист Хохлов, депо бойынша кезекші Михайлов, машинист—нұсқаушы Шаталов және тағы басқа жолдастар бар. Мұнда да коммунистерге ешқандай бюрократтық қыспақ жасалған жоқ, қайта оларға саяси дәрежесін арттырудың бір түрін ерікті түрде таңдап

дегі СОКП тарихын үйренетін үйірмелерді коммунистер Количев, Молев, Печерский, Зайцев жолдастар басқарады.

Депо партия ұйымы партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылы ұйымшылдықпен бастайтыны күмәнсіз.

В. ИСАКОВ,

Паровоз депосы партия комитетінің секретары.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙТІЛСІН

мының жыйналысында арнаулы мәселе қаралып, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмысындағы кемшіліктер батыл сынға алынуымен бірге, ол кемшіліктерді жоюдың нақтылы шаралары белгіленді.

Коммунист А. Шонин жолдас өзінің сөзінде трактор бригадаларында бұқаралық саяси жұмысты белімен жібергендігі үшін партия ұйымының секретары Даулатов жолдасы батыл сынға алды. Ол механизаторлар мен жұмысшылар арасында үгіт-

шілердің болмайтынын, социалистік жарыстың барысына қорытынды жасалмайтынын айтты. Сонымен қатар Шонин жолдас совхоз басшыларының егіс бригадаларында сирек болып, онда еңбек ұйымдастыру мәселелерімен жете шұғылданбайтындықтары жөнінде нақтылы мысалдар келтірді.

Партия жыйналысы егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын таяудағы мерзімде аяқтау жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

дары алуан түрлі. Москваға алғаш рет келген адамдар қаланың тұс-тұсына ағылып өтіп жатқан орасан көп машинаға қатты таңданады. Горький көшесінде, Садовое кольцода, Охотный рядта, Ленинград тас жолында және қайта құрылған басқа магистральдарда автомашиналар бірнеше қатар тізіліп, жек-легімен үздіксіз дерлік ағылып жатады. Бұл машиналар светофордың қызыл белгісі жолды бөгеп тастайтын мүйістерде ғана жүрісін бәсеңдетіп, сәл ғана тоқтайды.

Астананың транспорт жүрісі ең көп болатын тораптарының бірі Маяковский алаңы болып табылады, мұнда қаланың ең үлкен екі магистралі — Горький көшесі мен Садовое кольцо түйіседі. Фотоаппараттың объективі бұл алаңды дағдылы жазғы күнде суретке түсіріп алды. П. И. Чайковский атындағы концерт залы үйінің маңайында үлкен етіп жазылған «М» әрпі көрінеді. Бұл — Москваның Л. М. Каганович атындағы метрополитенінің эмблемасы. Бұл алаңнан троллейбустар, автобустар, ыңғайлы шағын «Москвичтер», өте сәнді ЗИМ-дер және көптеген

тауларындағы жаңа үйі жапында, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі қасында орналасқан. Әрбір тәулік сайын 100 мыңға жуық адам тақсимен пайдаланады. Соңғы жылдардың ішінде қаланың тақсим-мотор шаруашылығы толығымен жаңартылды. Екі жағында дойбы тәрізді тақбалары бар өте сәнді «Победа», «ЗИС-110» маркалы машиналарды жолаушылар алыстан таныйды.

Жолаушы тасыйтын транспорттың алуан түрі Москваның орасан үлкен бүкіл территориясын өз маршрутмен тұтас қамтып отыр. Қаланың шет аймағы орталыққа жақындатылды. Москвалықтар және астанаға келетін қонақтар қала транспортымен шапшаң жүру арқасында күн сайын миллиондаған сәгат уақыт үнемдеуде. Адамдарға, олардың денсаулығына қамқорлық жасап қолайлы жағдай тудыру — қалалық транспорт еңбекшілерінің көп мыңдаған армиясының зор жұмысын да басшылыққа алып отырған басты мақсаты, міне осы.

В. КНЯЗЕВ,

СОТА-ның тілшісі.

Коммунистік мораль

Капитализмнің барлық қалдықтарына қарсы батыл күреспейінше коммунизм құрылысын жүргізуге болмайды. Буржуазиялық идеологияның сарқыншақтары, жекеменшікшілдік психология мен моральдің қалдықтары сана-сезімде сақталған адамдар біздің социалистік қоғамда әлі бар, бұл қалдықтар ол адамдардың сана-сезімде қалып қана қойған жоқ, олардың нақтылы қиймылдарында, әрекеттерінде көрініп-білініп те отырды. Мұны социалистік меншікті ұрпаудың, мемлекеттік тәртіпті, социалистік заңды бұзудың қоғамымызда кездесіп отырған фактілері дәлелдейді. Дінге сенушілік те өткен заманның қалдықтарына қосылады. Өткен заманның осы қалдықтарының бәрі өзін-өзі жоғалмайды. Бұларды жою үшін еңбекшілердің мәдениет-дәрежесін, олардың саяси саналылығын арттырып отыру керек, совет адамдарын коммунистік мораль рухында тәрбиелеп отыру керек.

Мораль дегеніміз адамдардың қоғамға, мемлекетке, сембеге, бір-біріне деген көз қарасы жөніндегі әрекеттерін реттеп отыратын тарихи жағынан қалыптасқан жыйнағы. Мәңгілік, бірқолата белгіленіп қойылған мораль жоқ. Қоғамдық сананың формаларының бірі бола отырып, мораль экономикалық қатнастар негізінде туады. Экономикалық қатнастар өзгереді екен, мораль нормалары да өзгереді. Бір кезде жақсылық болып есептелген нәрсе басқа заманда жаманшылық болып қаралады. Бұл былай тұрсын, бір уақыттың өзінде, сол бір қоғамның өзінде әртүрлі таптардың әрекет нормалары әртүрлі және жақсылық дегеннің не екендігі, жаманшылық дегеннің не екендігі туралы түсініктері әртүрлі. Мысалы, американдық империалистері соғыс желінің қоздыруда және олардың көптеген шіркеу қызметкерлері соғыс болуына күн ілгері бата беруде. Ал еңбекшілер империалистердің өршітетін соғысын қылмыс деп санайды.

Буржуазиялық моральдің экономикалық негізі өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына жеке меншік және адамды адам қанаушылығы болып табылады. Капиталистік қоғам өз тұрмысының бүкіл салтымен адамдарды бір-біріне айуанша қарауға, дұшпандыққа, күндеушілікке, қастыққа үйретіп отырады. «Адам—адамға жау», «Жығылғанға жұдырық», «Әркім өзі үшін, жалғыз құдай жұрт үшін» — қанаушы үстем таптардың адамды жеккөруші моральінің ережелері осындай. Буржуазия моральі өзінің пайдалануға, таптық мүдделеріне қызмет етуге пайдаланады. Буржуазия адамдардың психологиясын жеке меншікшілдікке тәрбиелеп отырады. Буржуазиялық моральдің басты мақсаты—жеке меншікке және қоғамды тапқа бөлуге, халық бұқарасын құл етуге және қанауға негізделген қоғамдық құрылысты баянды ету болып табылады.

Еңбекшілердің сана-сезімін ұландыру үшін буржуазия өзінің моральін және оның құранды бөлегі—дінді көрінен пайдаланады. Қанаушылар өздерінің үстемдігін мәңгілік және құдайға тән орнықты қолдырғы деп түсіндіруге мүдделі. Буржуазияның жалдамалы ғалымдары мораль тап мүдделеріне және тап күресіне, саясатқа байланысты емес, моральдің негізі—дін болып табылады деп адамдарды сендіруге тырысады. Олар империалистерге тиімді әрекеттер нормалары мен ережелерін құдайдың өзі белгіледі деп бұқараның құлағына құюға тырысады. Шіркеу буржуазияның адамгершілік жөніндегі көзқарастарын қасиеттеп көрсетеді, ал прогресшіл күштердің буржуазия үстемдігіне қарсы күресін адамгершілік атаулыға қарсы күрес деп жалақорлықпен жариялайды.

Адамдарды алдау үшін шіркеу жалпы адамзатқа маңызы бар қайдағы бір жаңа жақты «құдайға тән моральді» уағыздаушы ролін атқарушы болуға тырысады. Ал

шынында, дін еш уақытта қандайда болса айрықша моралі болған емес, қайта қанаушылардың моральін уағыздап келді және уағыздап отыр. Мысалы, христиан діні бір кезде құлдықты ақтады, крепостниктікті дәріптеді, ал ол капитализм тұсында да еңбекшілерді езушілікті және қанаушылықты қорғап, ақтап отыр.

Империализм заманында дін буржуазияның неғұрлым реакционыш, неғұрлым агрессивті топтарының идеологиясы білдіруші, халық бұқарасын арсыздықпен ақылмақ ету құралы болып табылады. Біздің заманымызда ең барын тұрған реакционыштар діншілдік, дүниежүзілік жаңа соғыстың өртен тұтандырушылар діншілдік «таптан тыс» мораль туын бетке ұстап шығып отыр. Діни моральді уағыздау соғысты уағыздаумен өте жақсы үйлесе кетеді.

Барлық діни ілімдер моральдің принциптері жоғарыдан, аспаннан берілді-міс, діни мораль мәңгіге белгіленген және барлық заманалар үшін, барлық таптар мен сословиелер үшін бірдей жарамды, деп уайымдайды. Шіркеушілер және әртүрлі діни секталардың уағыздаушылары дін ұстаған адамдарға дінді бұзу—«адамзаттың моральдық негіздерін» шайқалту деген сөз деп түсіндіреді.

Іс жүзінде келгенде әрбір заманда әрбір дін қанаушы таптардың халық бұқарасына үстемдік жүргізуіне көмектескен моральді уағыздап, соны қасиеттеп отырды. Кәзіргі замандағы діндердің еңбекшілер сана-сезіміне күйіп отырған моралі—буржуазиялық-қанаушылық мораль. Оның көздейтін мақсаты—дін ұстағандардың арасында еңжарлық, бағыныштылық, бойсұнушылық қасиеттерін үйрету болып табылады, ал бұл қасиеттер қанаушылардың мүдделеріне сай келеді.

Діни моральдің негізгі принциптерінің бірі—«өзінді қандай сүйсең, жақыныңды сондай сүй» деген ұран болып табылады.

Мұндай моральшілер құдай үшін жедей де жоқ, бай да жоқ; жұрттың бәрі туған-туысқан; ал олардың арасындағы дұшпандық түсініксіз бірдеме деп соғайды.

Бұл—барын тұрған екіжүзділік. Бір топ қанаушылардың халықты өзі-жан-шұғына, құл етуіне негізделген капиталистік қоғамда «жақыны жақсы көруді» уағыздау еңбекшілердің тап күресін жою, буржуазияның еңбекшілерді іркілмей қанауы мүмкіндігін жеңілдету мақсатын көздейді.

Мысалы, «жақыны жақсы көруді» уағыздаушы империалистердің соңғы қырық жыл бойында адамзатты дүниежүзілік екі соғысқа дұшар еткені мәлім, осының салдарынан ондаған миллион адам қаза болды, орасан көп күнді заттар бүліншілікке ұшыратылды. Толып жатқан әртүрлі шіркеулердің өкілдері ол соғыстардың жүргізілуіне бата беріп отырды. Империалистердің қантөгіс қылмыстарына моральдық ақтаушылықтар тауып отырды.

АҚШ-тың бұрынғы президенті Трумэн өзінің әрбір сөзін дерлік құдайды еске алудан бастап, сонымен аяқтан отырмай. Бірақ оның сөздері мен нақтылы істері дүниежүзілік соғыс басталуға әзірлік жүргізуге қызмет еткен жоқ па? АҚШ-тың мемлекеттік секретары (сыртқы істер министрі) Джон Фостер Даллес діншіл адам, бірақ бұл оның Кореяда соғыс әзірлеп, онда соғыс ашуына Оңтүстік Кореяда жантүршігерлік өлім лагерлерін құруына және дүниежүзілік жаңа соғыс әзірлеуді жақтап белсене сөз сөйлеуіне бөгет бола қойған жоқ.

Буржуазиялық моральға, соның ішінде діни моральға—құлдық пен қанаушылық моральіне коммунистік мораль мүлдем қарама-қарсы. Коммунистік мораль дегеніміз құлдық пен қанаушылықтың бұғауларынан азат совет адамның моралі, бұл—совет қоғамының күші мен қуатының артуына, еңбекшілердің коммунизм жолымен ойдағыдай алға басуына көмектесіп отырады.

Діни моральдің негізгі міндеті жеке меншікке және адамды адам қанаушылығына негізделген құрылысты ыңғайтуға және мәңгілік етуге қызмет жасау болса, коммунистік мораль жаңа дүние үшін, коммунизм үшін күрескерлерді тәрбиелейді және коммунистік қоғам құрылысының күші қуралы болып табылады.

Діни моральдан өзгеше, коммунистік мораль адам тұрмысының негізі болып табылатын еңбекті қолдауға үйретеді. Адам атасын жануардан болатын шек еңбекпен салыпды. Еңбек адамның өзін жаратты, деп айтуға болады. Бірақ антагонистік қоғам орнаған кезінен бастап оның билеп-төстеуші таптары еңбекті қаналулық көпшілік үшін зор ауыртпалыққа айналдырды, сөйтіп бұл еңбектің жемістерін меншіктеніп отырды және барлық материалдық игіліктердің жасаушысы болып табылатын еңбекшілерді қайыршылыққа, теңсіздікке ұшыратты.

Үстемдік етуші қанаушы таптар еңбекті, әсіресе дене еңбегін төмен дәрежедегілердің үлесіне тиген нәрсе деп санайды. Еңбекке мұндай көзқарасты діннің өзі баянды етіп отырады. Дін еңбекті «ең бастапқы күнадан пәк болу», ата-бабаларының күнәлары үшін адам атаулының маңдайына жазылған жаза деп үйретеді. Шіркеушілер адамзат тарихындағы пәленің бірі адам жаратылысында жануар жағы бар екенінде, ең ежелгі күнәнің мығым екенінде, деп соғайды. Олардың пікірінше, адам тұрмысының бұл материалдық, жануарлық жағы ешқандай әлеуметтік өзгерістер өзгерте алмайды; бұл сөзсіз пәле тек ол дүниеде, «өлемнен кейін ғана» жойылады, дейді. Еңбек «құдайдың күні үшін берген жазасы» деп айта келіп, шіркеушілер, еңбекшілерді тұрмыстың ауыртпалығын тіл қатпастан көтеруге, «ол дүниеде» қарық болуды күтіп, «құдайға жалбарыну» үйретеді. Шіркеудің дін ұстағандарға бойсұнушылығы мен бағыныштылығының ессесіне беріледі деп үде ететін жұмақ рахаты—жұмақта еңбек етудің керек емес екенін-

де дейді шіркеушілер. Мысалы, қанаушылықты қорғай отырып, шіркеу ол дүниеде ессесі қайтады деп үде етіп, жер бетіндегі құлдықты мәңгілік етеді.

Біздің елімізде еріксіз еңбектің орнын еркін еңбек басты. ССРО-да барлық адамдар арамтамақтарды байыту үшін емес, өзіне, өзінің советтік қоғамына жұмыс істейді. Еңбекті ауыр және ұятты ауыртпалық болудан қалып абырой әперетін, даңқ шығаратын, батыр атандыратын, ер атандыратын іске айналдырған нәрсе еңбектің азат етілуі болып табылады, совет адамның социалистік санасының артуына көмектесіп отырған міне осы.

ССРО-да қалыптасқан, еңбекке деген жаңа көзқарасты есепке ала отырып, шіркеушілер кәзір бұл мәселені өзгеше түсіндіруді теріс көрмейді. Алайда олар еңбекті құдай жазасы деп білетін негізгі көзқарастарынан бастартқан жоқ.

Барлық діни әдет-ғұрыптар, ырым-жоралар ССРО-да коммунизм орнату жолында күресіп жатқан еңбекшілердің мүдделеріне негізінен қайшы келеді және кейде қанаушылыққа тікелей зиян келтіреді. Көп жерлерде діни мейрамдар, атап айтқанда жергілікті немесе «шіркеу» мейрамдары дейтіндер өткізіледі, мұның өзі фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздардың егіс даласында кейде жұмыстың тоқтауына апарып соғайды. Діни мейрамдардың көпшілігі жазғы уақытта, егіс жұмыстарының қызу кезінде өткізіледі. Өдетте бұл мейрамдар бірнеше күн бойына озылады, бұл күндердің ішінде жұмыс тоқтайды, мұның өзі мемлекетке, колхоздарға және колхозшыларға үлкен зиян келтіреді. Діни мейрамдар кейде тырду-дұманмен, арақ ішумен қосарлана жүреді, мұндай дұмандардан кейін адамдар көпке дейін есін жия алмайды. Осының салдарынан қыдырымпаздық жасап, жұмысқа бармай қалушылық туады.

Мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік!

Сауыншылардың табысы

Чистов совхозының № 3 бөлімшесіндегі (Булаев ауданы) Омар Мөдагулов жолдас басқаратын сыйыр фермасының сауыншылары өздерінің алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек етіп, айтарлықтай табыстарға жетісуде.

Фермаларда 100-ден аса сауын сыйырлар бар. Мұнда жайылымдық жерлерді пайдалану зоотехниктердің жасаған графтері бойынша ұйымдастырылған. Жайылымдардың дұрыс пайдаланылуы малдарды қонды ұстап, оның өнімділігін арттыруға мүмкіндік беруде.

Фермада норма бойынша әрбір сауын сыйырдан 2100 литрден сүт сауылуға тиісті болса, осы жылдың өткен 8 айы ішінде 1967 литр сүт алынды. Алдыңғы қатарлы сауыншылар Анна Рехтер, Екатерина Фаст өздеріне бекітіліп берілген әрбір сыйырдан 2155 литрден сүт алуға, ал, Лидия Лайр 2052 литрден сүт саууға міндеттенді.

Фермадағы мал қоралары толық жөндеуден өтті. Төлқора да қысқа әзір. Мал қораларын жөндеу жұмыстарына сауыншылар үлкен көмек көрсетті. Мұнда мал азығы да жеткілікті әзірленді. 3 мың центнердей шөп мал қораларының жанына тасылды. Әрбір сыйырға 40 центнер есебімен шөп сүріледі.

Озат сауыншылар өздеріне бекітіліп берілген сауын сыйырларды қонды ұстап, алардың өнімділігін барған сайын арттыра түсу жолында еселеген қарқынмен еңбек етуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

ӨНІМДІ ЕҢБЕК ҮШІН КЕРЕКТІ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗЫЛМАҒАН

Полудень ауданындағы «Путь к социализму» колхозының председателі Мухин жолдаспен әңгімелесе қалсаңыз, колхоздағы мал азығын дайындау және егін жыйнау жұмыстарының нашар жүргізіліп отырғандығын колхозшылар арасында еңбек тәртібі нашар, олар жұмысты өнімсіз істейді деп түсіндіреді. Ал, еңбек тәртібінің нашар болуына не себеп болып отырғаны туралы жұмған аузын ашпайды.

Анығында колхозшылардың еңбек өнімділігінің төмен болуы олардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлардың туғызылмауынан болып отыр. Дала қостары жабдықталмаған. Колхозда бар екі вагонша да іске жарамсыз қалыпқа түскен. Вагоншалардың төбелері ашылып, жаңбыр жауа қалса ішінде кісі тұруға мүмкіншілік болмайды. Вагоншаларға қойылған библиард, дойбы, шахматтар, көркем әдебиет кітаптары жаңбырға тиіп, бүлінген. Соның салдарынан көбінесе жұмыс аяқталғаннан кейін үйлеріне барып қонған колхозшылар жұмысқа келіпін шығады.

Колхоз басқармасы, оның председателі Мухин жолдас жоғарыдағы кемшіліктерді

Мал шаруашылығы өнімдері көптеп дайындалсын

Партиямыз бен үкметіміз колхозшы шаруалардың материалдық ынталығын арттыру мақсатымен ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу бағаларын арттырып, мал шаруашылығы өнімдері мен картопты міндетті тапсырудағы өткен жылдардағы бәрінен көшірді. Мұның өзі ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу ісін ұйымшылдықпен жүргізуге мүмкіндік береді.

Быйыл Полудень ауданында мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу жоспарын орындап қана қою емес, сонымен бірге, жоспардан тыс мемлекетке көптеген ет, сүт және басқа өнімдерді сатуға мүмкіншілік мол. Көптеген колхоздар және жеке шаруашылықтар мемлекетке ет, сүт тапсыру және сату ісіне ерекше назар аударып, бұл істе айтарлықтай табыстарға ие болуда. Мысалға, Чапаев атындағы колхозды алуға болады. Колхоз кәзірдің өзінде мемлекетке міндетті сүт тапсыру жоспарын орындап, 1200 центнер сүт сатты. Олар 1 октябрьге дейін тағы да жүздеген центнер сүт сатпақ. Колхоз сатып алу мекемелерімен 150 центнер ет сатуға шарт жасады.

Мемлекетке ет тапсырудан және сатудан табысты мол алу үшін колхоз ет есебіне берілетін малдарды семірту ісіне ерекше назар аударды. Ет есебіне берілетін қарамақ, қой және шошқа шөбі шүйгін, суы мол жайылымдарға бағылып, жемделді. Бұл жағдай мемлекетке семіз ет тапсыруына қолайлы жағдай жасады.

Біз жоғарыда Полудень ауданында мемлекетке етті, сүтті, жұмыртықаны, жүнді көптеп тапсыруға және сатуға зор мүмкіншілігі барлығын атап айттық. Алайда, осы мүмкіншіліктер жете пайдаланылмай отыр. Осы себепті 10 сентябрьге дейін колхоздар мемлекетке ет тапсырудың міндетті жоспарын небары 17 процент ғана орындады. Жұмыртқа дайындау 17 процент ғана орындалған.

Жағдай жеке шаруашылықтарда бұдан да нашар. Көптеген жеке шаруашылықтар осы уақытқа дейін мемлекетке ет, сүт тапсыруға қатыспай келеді. Тек Токуши оесосында ғана оңдаған жеке шаруашылықтар мемлекетке міндетті ет, сүт тапсыруға қатысқан жоқ. Мұндай кемшіліктердің орын алуы дайындау мекемелері қызметкерлерінің жеке шаруашылықтар арасында түсінік жұмыстарын аз жүргізулерінен болып отыр. Ал, дайындау мекемелерінің басшылары дайындаушы қызметкерлерден айлық, тоқсандық тап-

сырмалардың орындалуын қатаң талап етпейді.

Сентябрь айына дейін ауданда мемлекетке сүт сату жоспарын орындап шығуға мүмкіншіліктер болды. Бірақ, дайындау мекемелерінің қызметкерлері бұл іске кезінде көңіл бөлмеді. Осының салдарынан аудандағы жеке шаруашылықтардың 30 процентімен ғана сүт сату жөнінде шарт жасалған. Мемлекетке сүт сатуға жеке шаруашылықтардың қатыстырылмауы аудан бойынша жоспардың орындалуына кері әсерін тигізуде. Мемлекетке сүт сату жөнінде де осыны айтуға болады.

Жағдай осындай бола тұрса да, аудандық мал дайындау мекемесінің басқарушысы Гононенко, дайындау министрлігінің аудандық өкілі Кутовой жолдасар істің жайын жедел жақсарту жөнінде нақтылы шаралар қолданбай келеді. Олар мемлекетке маңызы зор іс—ет, сүт сатып алуы ұйымдастыруды бетімен жіберген.

Ет, сүт сатып алу қарқынын күшейту үшін өнеркәсіп товарларын молайту керек. Бірақ, Полудень аудандық тұтынушылар қоғамы ет, сүт үшін берілетін товарларды жергілікті жерлерде жеткілікті мөлшерде жеткізе алмай келеді.

Мемлекетке ет, сүт және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін көптеп сату үшін жеке шаруашылықтар арасында түсінік жұмысын кеңінен жүргізу керек. Дайындау мекемелері әрбір жеке шаруашылықпен өнімдерді сатып алу жөнінде шарт жасауға, оның мінсіз орындалып отыруын қамтамасыз етуге тиіс. Сауда орындары ауыл шаруашылығы өнімдері үшін берілетін өнеркәсіп товарларын колхозшы шаруалардың тілегі бойынша жеткілікті мөлшерде әкеліп отыруға міндетті.

Аудандық дайындау мекемелерінің қызметкерлері мемлекетке міндетті мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарларының сөзсіз орындалуына жетісулері керек. Олар бұл жөнінде жеке шаруашылықтарға, колхоз басқармаларына қатаң талап қоюға тиіс.

Полудень аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің басшы қызметкерлері мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу жөнінде дайындау мекемелерінің қызметкерлеріне қолма-қол көмек көрсетуге тиіс. Халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шықсатқа деген қажетін толығымен қанағаттандыру міндеті олардан осыны талап етеді.

И. ЯКОВЛЕВ.

Жемшөп дайындаудағы олқылықтар

Мал азығының берік қорын жасау жолында Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары үлгілі

ған жоқ. Мал қыстату мерзімі жақындап қалғанына қарамастан ауданның көптеген колхоздарында жемшөп дайындау қар-

Пушкин атындағы колхозда

Бітік егін

Пушкин атындағы колхозда егіннің шығымы быйыл өткен жылғыдан анағұрлым жақсы болды. Кей учас-токтердегі егіннің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алынууда. Алынған өнім мемлекетке міндетті астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарларын толық орындауға, тұқым құюға, қоғамдық мал үшін мың центнер жем дайындауға, колхозшылардың еңбекүніне 3 килограмнан астық беруге және мемлекеттік сауда орындарына кемінде 1200 центнер астық сатуға жетеді. Колхоз мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын орындап, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеуді аяқтап келеді.

Механикаландырылған

қырман

Егіннің бітік өсуі себепті қырманға астық көптеп түсуде. Кей күндері қырманға комбайн бункерінен 400-500 центнер астық қотарылады. Қырмандағы еңбекті көп тілейтін жұмыстар механикаландырылған. Астық тазартқыш машиналар электр күшімен жұмыс істейді. Қырманда күні-түні Ильич шамы жанады. Мұның өзі, түнгі уақытта да жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр.

Село мәдениеті

Колхозды-селоның мәдениеті жылдан-жылға арта түсуде. Колхозда хат танымайтын бірде-бір адам жоқ. Колхозшылардың оқу жасындағы балалары село орталығындағы мектепте оқыйды.

Колхозда электр станциясы бар. Әрбір колхозшының үйінде Ильич шамы жанады. Электр жарығы ауылшаруашылық жұмыстарына да пайдаланылууда. Оның күшімен астық тазартылады, қарағай тілінеді, сыйыр сауылады.

Колхозшылардың көпшілігі газет, журналдар жаздырып алады. Колхозда радиоторабы бар. Әрбір колхозшының үйіне радиоточкалары орнатылған.

Жаңа құрылыстар

Колхоздың жалпы табысының молға түсуі көптеген құрылыс жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беруде. Колхозшылар қар кетісімен жүз бақтық төл үйін салуға кірісіп, оны аяқтап шықты. Төл үйі фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға бейімделген. Колхоз шеберлері балалар ясли үйінің құрылысын да аяқтап, оны пайдалануға берді. Сол сияқты, клуб үйін салу да негізінен аяқталды. Клуб 200 адамдық. Мұнда кітапхана, оқу залы жұмыс істейтін болады.

Алғашқы аванс



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің X-«б» класының оқушылары орыс тілі сабағында. Алдыңғы қатарда отырғандар (солдан оңға қарай): Күлнәзия Ақжігітова, Серік Мусни, Райхана Мұхамеджанова және Айсұлу Тақамбаева. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Сырттан оқыйтын орта мектеп

Біздің облысымызда сырттан оқытатын орта мектеп бұдан үш жыл бұрын ашылған болатын. Осы үш жылдың ішінде өндірістен қол үзбей жүріп, 102 адам орта мектепті бітіріп, кәсіптік аттестат алды. Олардың көпшілігі селолық жерлерде жұмыс істейтіндер. Осы жылдардың ішінде мектепке түсіп оқыйтындардың саны жыл сайын өсе түсіп отыр. Мәселен, өткен оқу жылында оқығандардың саны алғашқы жылы оқығандардан 7 есе көбейді. Сол сияқты, мектебіміздің оқытушылар құрамы да едәуір жақсартылды. Көзір мұнда жұмыс істейтіндердің барлығының да жоғары білімі, көп жылғы жұмыс тәжірибелері бар. Быйыл облысымызда жаңа совхоздардың ұйымдастырылуына байланысты мектебімізде оқығысы келетіндердің саны көбейе түсті. Мектепке кәзірдің өзінде 400-ден астам оқушы қабылданды. Аудан еңбекшілері мектепке тарту мақсатымен біздің оқытушыларымыз жергілікті орындарға командировкаға шығуда.

Мектептің оқытушылар коллективі оқушылардың өздігінен дайындалуы үшін толық жағдайды тудыруды көздеген бір-сыпыра жұмыстар істеді. Оқытушылар өз оқушыларына хат арқылы тапсырмалар, бақылау жұмыстарын, әрбір пәндерді оқудың методикалық нұсқауларын жіберіп отырады. Селолық жерлерде туру-

шылар үшін аудандық мектептер жанында түсінік пункттері жұмыс істейді. Ал, қалада тұрушылар үшін мектебіміздің өзінде түсінік сабақтар өткізіледі. Түсінік пункттерінде оқушылардың түсініксіз материалдары бойынша сабақтар өткізіліп, оқу программаларын өз беттерімен толық меңгеру үшін көмек беріледі. Мектеп оқушыларға керекті қосымша материалдар тауып береді. Оқу жылы бойы өз беттерімен дайындалған олар жалпы ережеге сәйкес біздің мектепке келіп, сын және емтихан тапсырады.

Сырттан оқыйтын оқушылар үшін олардың жұмыс істейтін орындары керекті жағдайларды толық тудырулары керек. Оқушылардың емтихан мен сынақ тапсыратын кездерінде олардың барлығы да жеткілікті демалыс уақытымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Өндірістен қол үзбей орта білім алудың бірден-бір ыңғайлы жолы —сырттан оқу болып табылады. Сондықтан облыс еңбекшілері сырттан оқуға көптеп тартылуға тиіс. Бұл істі үлгілі түрде ұйымдастыруда жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары көп көмек көрсетуі қажет.

А. СИНДИЦИЙ,

Облыстық сырттан оқыйтын орта мектептің оқытушысы.

Облыстық драма театрының артистері Кузбасстан қайтып келді

Кемеров облысында гостроль қойып жүрген облыстық драма театрының артистері жақында облысымызға қайтып оралды. Олар Анжеро-Судженск, Тизят шахтерлеріне, Мариинск, Юрги, Тайга аудандарының еңбекшілеріне А. Корнейчуктың «Платон Кречет», А. Афиногеновтың «Машенька», Т. Шевченконың «Назар Стодоля», В. Гюгоның «Анжело», Б.

Симоновтың «Бір махаббаттың тарихы» пьесаларын қойып көрсетті. Көрушілер артистеріміздің ойының қызыға көріп, жылы жүзбен қарсы алды.

Кузбасстың театрлары мен клубтарында артистеріміз 104 рет пьеса көрсетіп, 35 мың адамды қамтыды.

А. ХАМИТОВ.

дереу жойып, колхозшылардың өнімді еңбек етуіне керекті жағдай туғызулары керек.

М. АВЕРИН.

ШӨП ШАБАТЫН КОМБАЙН АГРЕГАТЫ

Интернационал МТС-нің қамтуындағы колхоздар быйыл малазығындық көпжылдық дақылдарды шөп шабатын комбайн агрегаттарымен жыйнады. Агрегат өздігінен жүретін комбайнмен және оған тіркелген екі трактор шөп машинасынаң құрастырылады. Комбайн көпжылдық шөптердің басын қиып алады, ал, шөп машиналары оларды түбіне дейін қырады. Мұның өзі көпжылдық шөптерді ысырапсыз жыйнап алуға мүмкіндік берді.

Т. МАМАНОВ.

көрсеткішке ие болып отыр. Бірсыпыра колхоздарда шөп сүрлеу және жемнің дайындау жоспарлары ойдағыдай орындалды. «Победа» ауылшаруашылық арнаулы (председателі Алексеев жолдас), Преснов совхозы (директоры Ларин жолдас) жем-шөп дайындауды мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мал азығының біржарым жылдық қорын жасады.

Ауданның бірсыпыра колхоздарында шабылған шөпті мал қораларының жанына тасу жұмыстары да үлгілі ұйымдастырылған. Мысалы, Ворошилов атындағы колхозда (председателі Калугин жолдас) шабылған шөптің үштен бірі мал қоралары жанына жеткізілген.

Дегенмен, аудан колхоздарының барлығы ұсықа мал азығын дайындау жөнінде бірдей көрсеткішке ие болып отыр.

Коммунистік мораль

Буржуазиялық мораль капиталистік режимнің бөлініс бір белеті болып табылатын нәсілдік және ұлттық өшпенділікті адамды жек көру идеологиясына уағыздайды. Буржуазияны қорғаушылар ұлттық дұшпандықты «Фруақты кітап-пен» аяқтайды. Дін атаулының бәрі дін ұстағандарға басқа діндегі адамдарды жек көруге бұйырады. Қандай дін болса да, христиан діні болсын, ислам, буддизм болсын, тайпалар, халықтар, ұлттар тату-бейбіт тұра алмайды, өйткені бір халықтарды құдай сүйеді, ал басқаларын «бөтен діндегілерді» құдай сүймейді деп үйретпейтін дін жоқ. Осының негізінде басқа діндегі адамдарды қудалауға және езіп-жаншнуға өзін правосымен деп санамайтын бірде-бір дін жоқ. Өрбір дін өзіне сенетіндерді басқа дінге табынатындарға айдап салып отырады. Інжіл кітабы жаулап алған қалаларда «бірде-бір жанды тірі қалдырмауға» кеңес береді. Иуда және христиандар арасында қантөгіс қырғындар аз болған жоқ. Дін құдай сүйген халықтар мен құдай сүймейтін халықтардың бар екендігі туралы жалған теорияны таратып келді, әлі де таратып отыр. Импералистер дін ұйымдарын халықтарды құл ету және езіп-жаншу жөніндегі өздерінің саясатын жүзеге асыру үшін кеңінен пайдалануда.

Христиан, мұсылман, иуда діндерінің және басқа діндердің тарихында бөтен діндегілерді аяусыз қазалау, әртүрлі діндегілердің арасында қантөгіс қырғындар аз болған жоқ. Дін құдай сүйген халықтар мен құдай сүймейтін халықтардың бар екендігі туралы жалған теорияны таратып келді, әлі де таратып отыр. Импералистер дін ұйымдарын халықтарды құл ету және езіп-жаншу жөніндегі өздерінің саясатын жүзеге асыру үшін кеңінен пайдалануда.

Капиталистік дін моральдан өзгеше, коммунистік мораль халықтар достығы мен туысқандығы идеологиясын уағыздайды. Коммунистік партия мен совет өкіметінің жүргізген аса зор жұмысының нәтижесінде бізде буржуазия тартып келген ұлттық алақоздық пен халықтар теңсіздігі жойылды және әрбір ұлттың барлық жағынан бірдей өркендеуіне шексіз мол мүмкіншілік қамтамасыз етілді. Социализм барлық халықтардың ұлттық есушіліктен азат болуын іо жүзінде қам-

тамасыз етті, әрбір ұлт республикасының шаруашылық және мәдениет жағынан гүлденіп көреюіне қолайлы жағдайлар жасады.

ССРО—әртүрлі ұлт еңбекшілерінің туысқандық одағы. Советтік социалистік құрылыстың аса зор жеңістерінің бірі—біздің еліміздің халықтарының мызғымас достығы болып табылады.

Коммунистік моральдың зор артықшылығы әйелдің жағдайына көзқарастан да айқын көрінеді.

Таптық қоғамның бүкіл тарихы әйелді күн етудің, кіріптар етудің, оны адам айтқысыз қанаудың тарихы болып табылады. Көптеген капиталистік елдердің варварлық заңдары әйелді правосыз бір жанға айналдырады. Таптық қоғамда еңбекші әйелдің парвосыз жағдайын дін ілімдері қолдап-қостап отырады.

Біздің социалистік қоғамда әйелге көзқарас өзгеше; мұнда әйел толық азат етілген; оған шаруашылық, мемлекеттік, мәдени және қоғамдық-саяси тұрмыстың барлық салаларында ерекпен тең право берілген. Совет әйелдерінің көпшілігі өз әкелерімен, ерлерімен, аға-інілерімен бірлесіп, басқалармен теңбе-тең халық шаруашылығының, мәдениеттің, искусствоның барлық салаларында еңбек етуде, коммунизм орнатуда.

Сонымен, дін мораль қоғамның заманы өтіп бара жатқан күштерінің мүдделеріне қызмет етеді, табиғатқа және қоғамға қайдағы бір арта қалған, ғылымға қарсы қозқарастарын байымдайды, адамның қадірін түсіреді, дін ұстаған адамдарға енжарлықты, өз күшіне сенбеушілікті үйретеді. Дін капитализмнің адам сана-сезіміндегі қалдықтарын байыды етіп, қасиеттеп отырады.

Коммунистік мораль адамның қадірін арттырады, оған стихияны жеңуші және табиғат пен қоғам дамуының объективтік заңдарын пайдалана білетін күрескер, тұрмысты өзгертуші қасиеттерін үйретіп тәрбиелейді.

В. ПРОКОФЬЕВ,

философия ғылымдарының кандидаты.

қыны мүлдем қанағаттанғысыз. Колхозшылар еңбеккүніне 4,2 килограмнан астық, 2 сом 60 тыйыннан ақша алған еді. Быйыл колхозшылар астықпен бірге, 5 сомнан ақша алатын болады.

Кәзірдің өзінде колхозшыларға 1 килограмнан алғашқы аванс берілді. Колхозшылардың еңбегіне мал шаруашылығының өнімдері де берілуде. Колхозшылар шопан Зорин алғашқы авансқа 1 тонна астық, 2 мың сомға жуық ақша, 20 килограмдай ертілген май алды. Колхозшы Фомин жолдас та еңбеккүніне осы мөлшерде астық, ақша және май алып отыр.

Т. КӘДІРОВ.

Петропавл ауданы, Пушкин атындағы колхоз. (Арнаулы тілшіміз).

ҚАРТ МИЧУРИНШІ

Петропавл ауданының Димитров атындағы колхозында 65 жастағы қарт мичуринші Ким Ен Дюн 15 жыл бойы Қытайда өсетін өсімдіктерді өсіруде. Ол Чумиза, жүгері, сорго-гаолян өсімдіктерін Сибирь жерінің әуе райына лайықтап өсіріп, одан мол өнім алуға.

Қарт мичуриншінің Сибирь жерінің әуе райына төзімді етіп өсірген өсімдіктерінің тұқымы Ленин атындағы Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық академиясының ғылыми-зерттеу институтына жіберілді. Қытай өсімдіктерінің тұқымдары институттың коллекциясына қосылып, олар зерттеу жұмыстарына пайдаланатындығы жөнінде институттан хабар келді.

Келесі жылы колхоз тәжірибе участогінде өскен қытай өсімдіктерін 40 гектар алаңға отырғызбақ.

К. ӨМІРОВ.

Жоспардан тыс жұмыс істеуде

Преснов ауданы, Баян МТС-нің Киров атындағы колхозында жұмыс істейтін «ДТ—54» тракторының тракторшысы Ж. Сафенов жолдас өндірістік тапсырмасын үнемі асыра орындап келеді. Ол тракторды өнімді пайдалана отырып, 1950 гектар жер жыртуға міндеттенген болатын. Кәзір озат механизатор тапсырмасын 2000 гектардан асыра орындап, жүздеген килограмм жанар, жағар майларын үнемдеді. Бұл күндері Ж. Сафенов жолдас жоспардан тыс жұмыс істеуде.

А. ҚАЗИЕВ.

10 бөлтірік ұстады

Жамбыл атындағы колхоздың (Преснов ауданы) қарт аңшысы Ә. Нәдіров пен малшы Т. Молдақметов жақында 10 бөлтірік ұстады. Олар ұстаған бөлтіріктердің терілерін аудандық шикізат дайындау мекемесіне тапсырып, 2 мың 600 сом сыйлық алды.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

Соңғы уақыттың ішінде ССРО Ауыл шаруашылығы министірлігі ауыл шаруашылығы бас басқармасы насихат баспасы егіншілік мәселесі жайында ондаған жаңа кітапшалар басып шығарды. Соның бірі «Тыңайтқыш көңді дұрыс дайындап, жақсы сақтай біліңіздер» деген кітапша. Кітапша 300 мың дана болып шығарылған.

Кітапшаның авторы ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Е. Н. Бодрова колхоздардағы тыңайтқыш көңді дайындау және оларды пайдалану жөнінде еліміздің алдығы қатарлы колхоздарының тәжірибелерімен таныстырады. Органикалық тыңайтқыштың бұл түрлерін колхоздарда қалай дайындау керектігі және оларды пайдалану жолдарын баяндайды.

Шаруашылыққа тыңайтқыш жөндерді пайдалану оларды дайындау жұмысын ұйымдастыруға байланысты. Озат колхоздардың тәжірибесі тыңайтқыш жөндерді дайындайтын мөлшері мал астыға салатын шөп-сабанның мөлшеріне байланысты екенін көрсетіп отыр.

Тыңайтқыш заттарды көп алу мақсатымен ірі қарамад астына төселетін шөп-сабанның мөлшері көбейтіле түседі. Шаруашылық жағдайына байланысты тәулік бойына мал астына үш-төрт килограм төсеніп, ал, қажетті кездерінде төсейіпті алты килограмға дейін көбейтуге болады.

Тыңайтқыш заттарды тез және сапалы етіп дайындау үшін ірі қарамаға масақты дақылдар сабағын төсеген жөн. Сондай-ақ төсеніп ретінде араштың үгіндісі тағы басқа да құрғақ заттарды пайдалануға болады. Бұлар сабағы үгінділерімен аралас пайдаланылады.

Сабақты мал астына төсеніп ретінде міндетті түрде өсініп-үгіп пайдалану қажет. Бұлайша үгілген сабаң дымқылдықты бойына жақсы сіңіреді де тығыз етіп үйіле, азотты көп сақтайды. Сондай-ақ үгілген тыңайтқыштар жер жырту кездерінде топыраққа тез араласып, жақсы сіңеді.

Кітапшада Калинин облысы, «Путиловец» колхозы және Чуваш АССР-ы, Ялчин ауданы Ворошилов атындағы колхоздың малға күн сайын 5-6 килограмнан үгілген сабаң төсеу арқылы жыл бойына әр малдан 10-12 тоннадан жоғары сапалы органикалық тыңайтқыштар жыйнау-

тындығы айтылады. Тыңайтқыштарды мұндай көптеп жыйнау арқылы колхоз егістік даланың әр гектарына 20 тоннадан көп шашып, ауылшаруашылық дақылдарынан жыл сайын тұрақты жоғары өнім алуды қамтамасыз еткен.

Егістікке қажетті тыңайтқыш көң дайындау ережелерімен бірге оларды дұрыс сақтай білудің де маңызы зор. Бұл жөнінде автор әрбір колхозда арнаулы жаық, немесе ашық тыңайтқыш көң сақтағыштар жасау мәселесін көтереді. Сонымен бірге автор мал астына төселген шөп-сабаңнан құнды органикалық тыңайтқыш алу үшін оларды қысқы және жазғы уақыттарда қалай үйіп, тығыздау керектігін баяндайды.

Егістік далада тыңайтқыш көңді аумағын үш-төрт метрдей етіп, біржарым екі метр биіктікке жеткізе тығыздап үю қажет. Сақтауда тұрған көң, әдейі тығыздалмай тек өз салмағымен ғана басылып қыза оның сапалығы әлде қайда төмен болады. Бұлай үйілген әрбір 20 тонна көңнен екі-үш ай ішінде 40 килограмнан аса азот жоралады. Бұл екі центнер аммоний сульфатына тең.

Кітапшада тыңайтқыш көңді жыйнау және сақтау жолдары туралы кеңес жұртқа түсінікті, әдеби тілде баяндалады.

Т. Е. Маринич. «Тың, тыңайған жерлерде бидай және тары жоғары сортты болсын».

Автор тың және тыңайған жердегі аудандардың табиғат жағдайларына және биологиялық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дақылдардың бағалы сорттарының егуді әңгімелейді.

Автор тың және тыңайған жерлерде бидайдың көп пісетін гордейформе-10 сортын ұсынады. Бұл жоғары өнімді бидай сорты. Сонымен қатар гордейформе-10 құрғақшылыққа да берік. Ол масақта тұрғанда тез құйылып емес. Бидайға келетін тұрліше зиянды да сирек қабылдайды. Бұл біздің облыста кең пайдаланылуға тиіс бидайдың жоғары сорттарының бірі.

Кітапшада осы сыяқты тарының жоғары өнімді үш түрі және жаздық бидайдың 9 түріне талдау жасалып, олардың биологиялық ерекшеліктері баяндалады.

В. Ли,
агроном.

«Ленин туының» дабылынан кейін

„БУЛАЕВ АУДАНДЫҚ БАЙЛАНЫС МЕКЕМЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ НЕЛІКТЕН НАШАР?“

«Ленин туы» газетінің 1954 жылғы 20 августығы номерінде осы тақырыппен жарияланған мақалада Булаев аудандық байланыс мекемесінің жұмысында орын алып келген кемшіліктер сыңа алынды.

Облыстық байланыс мекемесі мақалаға көрсетілген фактілерді тексеру және ол кемшіліктерді жоюда тиісті көмек көрсету үшін Булаев ауданына екі адам жіберді. Тексерісте мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды. Радиотора-

А. ТАХМАН,
Облыстық байланыс басқармасы бастығының орынбасары.

Ескіліктің зыянды қалдықтарынан арылмағандар

Коммунистік партия мен Совет үкметінің қамқорлығы арқасында халқымыздың аз-ауқаты мен мәдени-тұрмысы күн сайын жақсара түсуде. Олардың жұмыстан бос уақыттарында мәдениетті түрде дем алуына толық жағдай жасалған. Тек біздің қаланың өзінде ғана екі кино-театр мен драма театры, ондаған клубтар және көптеген кітапханалар еңбекшілерге қызмет етеді. Бұларда күн сайын мәдениетті түрде дем алып отырған жүздеген адамдарды кездестіруге болады.

Бірақ, бізде әлі де болса, қоғамдық тәртіпті бұзып, еңбекшілердің заңды дем алуына бөгет жасайтын өмірде азған адамдар да кездеседі. Міне, біз төменде солар туралы айтамыз.

1. «АРАҚ ІШСЕМ, ӨЗ АҚШАМ...»

Адамды аздырып, азаматтық аябайдан жұрдай ететін, оның денсаулығын нашарлататын жақсы емес еңбегі бірі — маскүнемдікпен әуестенушілік. Маскүнемдікке салынған адам азаматтық қасиетін мүлдем жоғалтады, оның істеген ісінде береке болмайды. Ішкіліктің зияндылығына қарамастан онымен әуестенетін адамдар әлі бар. Солардың бірі «Облеводстрой» мекемесінің жасандықшы Тұрлаш Адабергенов.

Адабергенов бір кезде Сталин атындағы, «Деревообделочник» кәсіпшілік артельдерінде, асханалар мен ресторандар тресінде жауапты қызметтерде болды. Бірте-бірте ол ішкілікке салынып, ақыры жығылғанша мас болып, шетің болды. Қызметіне кешігіп келетін, істеген жұмысында да ешқандай береке болмайтын болды. Ол соңғы қызмет істеген заводтың партия ұйымы мен дирекциясы және қызметтес жолдастары Адабергеновке маскүнемдікті қою жөнінде бірнеше рет ескертті, ақыры етіп те айтты. Талай рет ол партия жыйналысына да түсті. Мұның бәрине Адабергенов «маскүнемдікті қоямын, енді қайталасам маған қандай шара қолданысыздар да ризамын», деп үде беріп, мүлдем есінен қалып қалды. Бірақ айтылған сөз, берілген үде сол қалпында қалып қойды. Ол маскүнемдікті қоюы былай тұрсын, Адабергенов туралы мәселе қарап, оны партиядан шығарды.

Есінен айырыла ішіп, көше бойында жығылып жатқандардың ішінде арнаулы мамандығы бар, білімді адамдар да кездеседі. Мәселен, шағын дватальер заводтың байланыс-техникі Александр Иконников өзінің еңбекшісі алғаннан кейін жығылғанша ішуді әдетке айналдырған. Жақында ол қаланың № 3 асханасына келіп, өлген есінен айырылғанша ішкен. Мас болған ол қоғамдық тәртіпті бұзып, не сөйлеп, не қойғанын білмей төңірегіндегі адамдарды балағаттай бастаған. Сөйтін, Иконников милиция бөлімшесіне түсті.

Соңғы кезде Адабергенов пен Иконниковтар өздеріне кетсе берген адамдарға «ішсем менің өз ақшам, менде шаруа болмасын», дейтінді шығарды. Адабергеновтың да, Иконниковтың да семьясы, жас балалары бар. Бірақ, осы балаларды тәрбиелеп, оларды советтік қоғамның лайықты азаматы етіп өсіру жөніндегі өздерінің әкелік парыздарын Адабергенов пен Иконниковтар мүлдем ұмытқан.

Жекелеген адамдардың маскүнемдікке салынуына қаланың кейбір сауда қызмет-

қарт адамға. Әгідей болмай қарттың бет-ауызын қып-қызыл қан етті. «Бөріңді де осылай қыламын» дегендей әлгі бұзық жігіттер басқаларға да түнере қарап қояды. Олар қанша еліргенмен көптің аты көп қой, «ештілерді» еркіне жібермей милиция бөлімшесіне жеткізді. Мұнда олардың аты-жөні де анықталды. Төртеудің бірі токарь Павел Жмуров болып шықты.

— Мені не үшін ұстадыңдар, — деді ол кезекшіге.

Кезекші оның істеген қызымын айтқан кезде, ол түк білмейтін аңқау адам бола қалды. «Сендер мені қорладыңдар», деп ызаланған Жмуров қолындағы сағаты еденге ұрып сындырды да «сендер төлейсіңдер» деп жұртты «қорқытып та» қойды. Бұлардың екіншісі Жмуровпен бірге жұмыс істейтін комсомолец Виталий Салин екен. Материков Владимир шойын-күю-таразы заводында жұмыс істейді. Ал, Жмуровтың үшінші жолдасы Юрий Ильин ешқандай жұмыс істемей, ақша табудың жеңіл жолын қуып жүрген адамдардың бірі.

Қалтаескерлер бұлар ғана емес. Жұмысшы Қадыр Асырбеков, шойын-күю-таразы заводының тоқары Степан Разин, вагон жөндеу-депосының тоқары Яғфар Измайловтар да осылардың тобырына жатады.

Адал еңбектен безіп, ұрлықтың жолына түскендермен күресу, олардың жат істеріне жол бермеу — комсомол, кәсіподақ және заң орындарының күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі.

3. ОРЫНСЫЗ ЕРКЕЛЕТУДІҢ САДАРЫ

Михаил Иванович Машкин Петропавл темір жол бөлімшесінде мастер болып істейді. Ал, оның зайыбы Мария Степановна Машкина № 1 асхананың ара бухгалтері. Михаил Иванович пен Мария Степановна өзара еңгемелескенде «қысылып жатқан ешнәресте жоқ қой», Вячеслав пен Светланағы ренжітпін қайтеміз, олардың айтқанын орындап, жақсы киіндірейік, оқытайық» десетін. Бірақ, өздерінің жасаған кейбір қамқорлығының балаларға зыяны да бар екенін ескермейтін.

Вячеславтың айтқаны екі болмайтын болды. Әкесінен 10 сом аласа, былай шыға шешесінен сондай алды. Қалтасына ақша түскен Вячеслав үйіне ымырт жамыла, не түн ортасында бірақ қайтатын болды.

Вячеслав қаладағы № 5 жетіжылдық мектепте оқиды. Ол өткен жылы 5 класты орта бағамен ерең бітірген еді. Вячеслав өзінің үйдегі «еркелігін» мектепте де жасады. Оқытушылардың айтқанын тыңдамау, класта жолдастарын жөбіреу, күш көрсету оның әдетіне айналды. «Ерке көрсен» ол шылмы тарталды, арақ ішуде де сау болмады.

Кейбір туысқандар балаларының жат қылықтармен әуестене бастағанын байқай тұра, оған көріне-көзге жол береді. Соның сақдарынан жас балалар біртіндеп ұрлық жасауға беріле бастайды. Өткен жексенбі күні № 5 қазақ орта мектебінің оқушысы Кемел Әлмағанбетов № 4 асханадан есеп-шот ұрпаған жерінде ұсталған. Оның мұндай іске дейін баруына ата-анасы бала үйретті деген айып тағылды.

Халықаралық шолу

ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІКТІ

НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТІК

ХАУІПСІЗДІК ОРНАТУ ҮШІН

Францияның ұлттық жыйналысының «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітуден бастартуы соғыс топтарын құру жөніндегі американдық саясатының халықтар мүдделеріне қаншалықты жат екендігін бүкіл дүние жүзіне тағы да көрсетті. Мұнымен қабат «бірлестігі» туын бетке ұстап Батыс Европада соғыс тобын ұйымдастыру жоспарларының күйреуі дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстардың барлық азаптарын басынан кешкен халықтардың герман милитаризмінің қайта тудырылуын тілемейтіндігін дәлелдейді.

«Европалық қорғаныс бірлестігі» дегенді бетке ұстап американдық дипломатиясының «европалық армия» дейтінді ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға тырысқаны мәлім, ал мұның ұйтқысы және соққы беруші күші Батыс Германияда қайта тудырылған гитлерлік турпаттағы соғыс машинасы болған болар еді. Бірақ, мұндай жағдай, делінген ССРО Сыртқы Істер Министрінің 10 сентябрьдегі мәлімдемесінде, «европалық халықтар үшін және ең алдымен Германиямен көршілес елдер үшін әуелді хауіп болар еді, ал бұл мемлекеттер жөнінде герман милитаристері шабуыл жасауға сылтау іздетіріумен еш уақытта да тоқталған емес». Францияның «европалық қорғаныс бірлестігін» қабылдамай тастауы американдық монополияларының «европалық армия» құру жөніндегі жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Бірақ бұл күйреушілік АҚШ-тың билеу-төстеуші топтары мен олардың Батыс Германиядағы агентурасын өздерінің агрессияшы арам ойларынан бастартуға итермелей алмады. Франция Париж договорын бекітуден бастартқаннан кейін бірден-ақ Вашингтон мен Боннда Батыс Германияны ремилитарландыруға бағытталған жаңа жобалар ойластырыла бастады. Бұл арада Батыс Германияны Солтүстік-Атлантика ұйымына (НАТО) енгізу жобаларына ерекше үлкен көңіл бөлінді. Бұл ұйым, деп жазады «Нью-Йорк геральд трибюн» газеті, «европалық қорғаныс бірлестігінің жолын қуған болар еді және мүмкін болған ұйғарымдылардың бірі болған болар еді. НАТО-ның жәрдемімен іске кірісу қандай да болса ұзақ келіссөздер жүргізуді және европалық қорғаныс бірлестігі қалай құлаған болса, қайтадан сондай құлауы мүмкін жана күрделі жобалар ойлап шығаруды керек етпейді».

НАТО-ның жәрдемімен герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларымен қатар нақ сол мақсатқа бағытталған басқа ұсыныстар да бар. Атап айтқанда, «кәсіргі жағдайды» талқылау үшін АҚШ бастаған торыс батыс мемлекетінің арнаулы кеңесін шақыру ұсынысы сондай ұсыныстардың қатарына қосылады. Осы сыяқты төлкіп жатқан ұсыныстар мен жобаларды бетке ұстап АҚШ-тың билеу-төстеуші топтарының мақсатына бағытталған.

тысгерманиялық монополистер соғыс өнеркәсібін және онымен байланысты салаларды өркендетуге баса көңіл аударуда. Германиядағы бұрынғы американдық жоғары комиссары Макклойдтың мойындауына қарағанда 1952 жылдың июльінде-ақ Батыс Германияда 317 завод соғыс өнімін шығарумен шұғылданған, соның өзінде бұл заводтардың жетеуі танктер мен бронемашиналар, ал бесеуі — авиамоторлар және самолеттерге керекті әртүрлі бөлшектер жасап шығарып отырған. Өткен жылы күзде соғыс өнімін шығаратын кәсіпорындардың саны 400-ден асты.

Мұнымен қабат, Батыс Германияда кеңалғыш қарулы күштер қайта тудырылууда. Аденауэрдің қарамағында 368 мыңға дейін бұрынғы гитлерлік әскер қызметшілері бар, бұларды ол қайта тудырылып жатқан вермахтың ұйтқысы және командирлер құрамы ретінде пайдаланбақшы. Бонн үкметінің іс жүзіндегі соғыс министрі Теодор Бланк былығы жылы көктемде, «әуелгі кезеңде» батысгерманиялық армияның саны 500 мың адамға дейін жеткізіледі, деп мәлімдеді: мұнда авиацияда — 80 мың, соғыс-теңіз флотында 50 мың солдаттар мен офицерлер болады, деп жобаланып отыр. Батысгерманиялық кеңалғыштардың өз қарулы күштерінің құрамын 60 дивизияға дейін жеткізбекші болып белгілеп отырғаны да көрінен мәлім.

Герман милитаризмін қайта тудыру ісі «европалық қорғаныс бірлестігі» күйрегеннен кейін де тоқталмаған жоқ. Бонн кеңалғыштарының басышы Аденауэрдің жақында сөз сөйлеп, Франция парламентінің қарарына наразылық білдіргендігі мынағы дәлелдейді: батысгерманиялық милитаристер мен олардың мұхиттың арғы жағындағы қожайындары Батыс Германияда Европаның бейбітшілігін сақтау ісіне тікелей қатер туғызатын қарулы күштерді ұйымдастыру ниетінен бастартқан жоқ. Вашингтон мен Бонның герман милитаризмін қайта тудыру бағытының Батыс Германияны жаңа соғыс ошағына айналдыратындығы және Германияның екіге бөлінуін бұрынғыдан да гөрі асындыратындығы өзінен өзі түсінікті.

Осындай жағдайларда халықтардың алдына Европа хауіпсіздігін нығайту және біртүтас бейбітшілік үйгішіп демократиялық Германия мемлекетін құру жөнінде герман мәселесін шешу міндеті барынша қатты және мейлінше маңызды түрде қойылып отыр. Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы Совет Одағының ұсыныстары бұл міндетті орындауының айқын жолын көрсетіп беріп отыр. «Жалпыевропалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері, — делінген ССРО Сыртқы Істер Министрінің 10 сентябрьде жарияланған мәлімдемесінде, Европада тұйықталған соғыс топтарын құрастыру орынына, барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың қатысуымен коллективтік хауіпсіздік системасының құрылуын талап етеді».

Коллективтік хауіпсіздік туралы совет ұсыныстарын барлық елдердің қалың халық бұқарасы бекіте отыра берген.

ал бұл шарттың мәнісі — Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессияшыл жаңа соғыс тобының құрылуы деген сөз, АҚШ-тың билеу-төстеуші топтарының халықтар мүдделеріне жат саясатының бұл жаңа перзентін батыл айыптай отырып, Азия елдерінің жұртшылығын СЕАТО шартының Индо-Қытайда және бүкіл Азияда бейбітшілікке қатер болып табылатындығын атап көрсетуде. Маниладағы келісімнің нәтижелері мұндай баға берілуі мыналыққа толық сай келеді.

Американдық дипломатиясының бастамасы бойынша Манилада жасалған шарттың негізгі маңысы — Оңтүстік-Шығыс Азияның қорғанысы» деген сылтаумен жер шарының бұл ауданында ұлт азаттығы қозғалысына қарсы бағытталған соғыс тобын құру болып табылады. Манилада жасалған «Оңтүстік-Шығыс Азияның қорғанысы туралы договордың» маңызды статьялары бойынша Құрама Штаттарға және басқа отаршыл державаларға Азия елдерінің ішкі істеріне араласуға мүмкіндік беріледі. Мұнымен қабат, договорға тіркелген «Құрама Штаттардың әскертулеріне» қарағанда, договор өзінше бір «антикоммунистік шарт» болып табылады: американдық «әскертуі» Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде американдық «коммунистік» деп табатын барлық халықтық бас көтерушілерді басып-жаншуды көздейді.

Манила договорының мұндай бағыт ұстауы Азияда шиеленісті сөзсіз күшейтетіндігі айдан-анық. Одан бетер, Манилада жасалған келісім «қорғаныс туралы договордың» Лаосқа, Камбоджаға және Оңтүстік Вьетнамға да қолданылуын көздейді. Бұл мемлекеттерде бейбітшіліктің жақында ғана — Женева келісімдерінің нәтижесінде қалшына келтірілгендігі мәлім. Ал Индо-Қытай елдерін СЕАТО шартының қолданылатын ауданына енгізу Женева келісімдерін бузу деген сөз және Индо-Қытайдағы жағдайды бейбіт реттеуге қатер туғызу деген сөз. Көп жылға созылған соғыстан және бүліншіліктен кейін Индо-Қытайда орнаған уақытша бітім, — деп көрсетеді Индияның «Фри Пресс джорнал» газеті, — Лаосты, Камбоджаны және Оңтүстік Вьетнамды СЕАТО шартының қолданылатын ауданына енгізуге ұйғарумен байланысты, қатерге ұшырап отыр. СЕАТО шартын бұл мемлекеттерге қолдану Женева келісімдерін бұзғандық болып қаралады.

Манила договорының агрессияшылық мазмұны мынадан да көрініп отыр: бұл шарт американдық қорғаушымен Тайваньда отырып алған чанькайшілік топ жөнінде сол сыяқты, Оңтүстік Корея мен Жапония жөнінде АҚШ-тың жүргізіп отырған саясатымен тікелей байланысты. Манила конференциясының нәтижелері жөнінде түсінік бере келіп, «Нью-Йорк таймс» газеті «Формоза (яғни Тайвань), Оңтүстік Корея және Жапония бұл шартпен сөзсіз АҚШ арқылы байланысты» деп атап көрсетеді.

Манилада қол қойылған шарт Азия елдерінің мүдделеріне емес, Азияда «азиялықтарға қарсы күрес» үшін.

ШАХМАТТАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ КОМАНДАЛЫҚ БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

АМСТЕРДАМ, 16 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше таңертең үшінші турда кейінге қалдырылған партиаларды ойнау аяқталды.

Ботвинник пен Параттың ойынында тек екі жүріс ғана жүрілгеннен кейін, әріптестер ойынды тең аяқтауға келісті. Дүние жүзі чемпионының бір артық пешкасын орынды пайдалануға мүмкіндігі болмады.

Алонга қарсы ойнаған Котов өзінің жеңілгендігін мойындады. Сонымен ССРО — Израиль кездесуі 2:2 болып тең аяқталды.

Швеция командасына қарсы ойнаған Батыс Германияның шахматшылары ірі жеңіске жетті. Олар ойынды 4:0 есебімен ұтып шықты. 3,5:0,5 есебімен югославиялықтар ағылшындарды, сол сыяқты Венгрия Исландияны ұтты. Аргентина 2,5:1,5 есебімен Болгарияны ұтты. Ал, Чехословакия — Голландия ойны тең аяқтады. Гроссмейстер Пахман дүние жүзінің экс-чемпионы Эйвені ұтты.

Үш турдан кейін әрқайсысы 9 ұпайдан алған ССРО және Югославия командалары алда келеді. Аргентина, Израиль және Венгрия командалары 7,5 ұпайдан алды.

Кешке төртінші тур басталды. ССРО командасы Венгер шахматшыларымен кездесті. Мұнда: Сабо, Ботвинник, Смыслов-Флогер, Барца-Бронштейн және Кеслер пен Гершен ойнайды.

АМСТЕРДАМ, 16 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін таңертеңгі финалдың төртінші турында кейінге қалдырылған партиалар ойналды.

Гроссмейстер Смыслов өзінің жағдайын шебер жақсартып отырып, Клогерді ұтып шықты. ССРО — Венгрия кездесуі 3:1 есебінде совет шахматшыларының пайласына шешілді. Швецияға қарсы ойнаған Чехословакия 3,5 ұпай жыйнады. Аргентина мен Голландия, сол сыяқты, Батыс Германия мен Англия ойындары 2,5:1,5 нәтижесінде алғашқыларының жеңісімен аяқталды. Болгария мен Исландияның кездесуі аяқталмай қалды.

Төрт турдан кейін әрқайсысы 12 ұпайдан алған ССРО мен Югославия командалары алда келеді. Аргентина 10 ұпай, Чехословакия 9,5 ұпайға ие болды.

17 сентябрьде болатын бесінші турда Исландия мен Аргентина, ССРО мен Болгария, Югославия мен Венгрия, Батыс Германия мен Израиль, Чехословакия мен Англия, Голландия мен Швеция командалары ойнайды.

ШАХМАТТАН ССРО-ДА КОМАНДАЛЫҚ БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

РИГА, 16 сентябрь. (СОТА). Кеше кешке шахматтан Совет Одағында командалық бірінші орын алу жарысының оныншы туры ойналды. «Искра» қоғамының шахматшылары Совет Армиясы Орталық үйінің командасын 4:2 есебімен, екі партияны кейінге қалдырып, ұғым арқасында кездесуді жақсы өткізді. «Труд» және «Медик» командаларының кездесуі 2,5:2,5 есебінде және кейінге үш ойын қалдырылып тең аяқталды. «Дунава» және «Крылья Советов» командаларының кездесуі 2:2 болып тең аяқталды.

наларда мас қылатын шаралты мөлшерден тыс сату орын алып отыр. Ал, кейбір киоскалар сатуға тыйым салынғанына қарамастан күні осы уақытқа дейін арақ сатып келген. Мәселен, № 61 шаруашылық есептегі магазиннің № 35 ларегінің сатушысы Л. Мирошникова осы жылдың 10 сентябріне дейін ешбір ұлық сатпсыз, жасырып арақ сатқан.

2. ҰРЛЫҚ ЖОЛЫНА ТҮСКЕН

Біздің елде еңбек етсең сол еңбегіңнің қызығын өзін көресің, демек, бізде еңбек данд, атақ және аброй өспейді. Дегенмен, адал еңбектен қашып, ұрлық пен ақша тауып жүретіндер де жоқ емес. Жексенбі күні. Қаланың орталық көшесінен жүретін автобұсқа адамдар ұлық төлген. Олардың арасында әдемі киініп, бір-біріне жымыңдай көз қысқан 4 жас жігіт ерекше көзге түсті. Олар шала мас сыяқты. Алайда, «Мұнда отырыңыз, мұнда тұрыңыз», — деп орын босатып, әркімдерді қолтығынан демеп те қояды. Сол кезде епті сауасқары шапшаң жылжып, қалтаға барады. Мұны байқап тұрғандар болса, «үніңді шығарма» дегендей көздерін алайтып, қабағын түкситеді. Әрине, одан кім қорықсын. Өзінің маңадан бергі көргенін бір қарт адам машинадағыларға айтып салды. Сол-сол-ақ екен жұдырықтарын түйіп жетіп барды.

Кезекші автобус қашан болар екен

Жыл сайын тұрғын үйлер саны көбейіп, қала еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдени тұрмыс дәрежесі үнемі жақсарып келеді. Партия мен үкіметіміз қаланы көркейтіп, қала еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесін жақсартуға беру жөнінде кәсіпорындары мен мекемелердің басшыларына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Алайда, біздің Петропавл қаласын көркейту ісінде көптеген кемшіліктер бар. Соның бірі жолаушыларды автобустармен тасу жұмысы нашар ұйымдастырылған. Пушкин көшесінен вокзалға дейін жүріп тұратын тасымал автомашиналары түнгі сағат 12-ге дейін ғана жүреді. Петропавл станциясынан машинаға отырған жолаушылар түнгі сағат 12-де көлхоз базарының жанындағы Сталин көшесіне түсіріліп, осыдан әрі қарай автобустардың жүруі тоқтатылады. Автостанцияның басшылары қалада кезекші автобустардың жүруін ұйымдастыруды және оның қажет екендігін әлі ойланған емес. Ал, кезекші автобустың қажет екендігін қала еңбекшілері талап етіп отыр. Өйткені, кәсіпорындарында түнгі емедада жұмыс істеген жұмысшылар түнгі сағат 12-де автобустар жүрісі тоқтап қалатын болғандықтан өздерінің үйлеріне қараңғы түнде жаяу жүріп баруына тура келеді.

еркелету, орынсыз қамқорлық жасау оны теріс жолға түсіреді. Міне, мұның бәрі зиянды еркелетудің салдары болып табылады.

Әрбір туысқан өз баласының тәрбиесі үшін жауап беретінін ұмытпауға тиіс. Мұнымен бірге мектептер де туысқандармен байланысты күшейтіп, олардың арасындағы оқу-тәрбие жұмысын мейлінше жақсартуы қажет.

Жоғарыда келтірілген фактілер қоғамымызға жат қылықтардың кейбір оқушылар мен жасөспірімдердің арасында орын алып отырғанын дәлелдейді. Бұл ҚЛКЖО қалалық, аудандық комитеттерінің, әсіресе, мектеп комсомол ұйымдарының оқушылар мен жасөспірімдердің арасындағы саяси-тәрбие жұмысын анағұрлым жақсартуды талап етеді.

Маскүнемдік — капитализмнің қалдығы. Саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуді арқылы мұндай теріс әдетке түскен адамдардың артына тимей, шыдамдылықпен, ішкіліктің зиянды екенін түсіндіру, сөйтіп, оларды советтік қоғамның өнегелі азаматы ету — комсомол, кәсіподақ және басқа да қоғам ұйымдарының міндеті.

Ж. МҰҚАНОВ,
Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Біздің қаламыз — темір жол торабының түіскен жерінде. Сондықтан қаланың көптеген адамдары өздерінің туысқандарын алыс сапарға шығарып салады немесе оларды қарсы алады. Ал, жолаушы поездарының әр мезгілде жүретіндігі бірімізге мәлім. Осы себепті алыс сапардан келген, немесе алыс сапарға баратын туыс-жақындарын қала адамдары жаяу шығарып салуға не жаяу қарсы алуға мәжбүр болады. Ал, жолаушылардың ішінде кішкентай балалар мен жасы асқан қарт адамдардың бар екендігін де еске алу керек.

Автобус тоқтайтын жерде көптеген адамдар кезекші машинаны күтумен болады. Бірақ, қанша күтсе де оны кездестіре алмайды. Жуырда автобус станциясының бастығы Стадников жолдасқа қалада кезекші автобустар неге жоқ? — деген сұрақ қойды. Одан алған жауабымыз — кезекші автобустар болуының өзі міндетті ме екен? — деген сөз болды.

Қалада түнгі сағат 2—3-ке дейін жүріп тұратын кезекші машинаның болуы өте қажет. Мұны ұйымдастыруды автобус станциясының басшылары тез қолға алса екен дейміз.

М. ЛЕВАНДА.

итарландыруды қандай формада болса да ресми түрге келтіруге тырысады. Американо монополиялары мен олардың Бонн малайлары көптеген бері осы жолда «еңбек етуде».

Батыс Германиялары американо саясатының сыйпатты бір белгісі — әрқашан герман агрессиясын бастап келген және гитлерлік мемлекеттің шын өміршісі болған Рейн-Рур монополияларының күн-куатын қалпына келтіру болып табылады. «Нейе пресс» газетінің мәліметтері бойынша, қазір Батыс Германияда американдардың жәрдеммен 22 рур шоңжарларының семьясы қожайындық істеп отыр, бұлардың ішінде Германияның соғыс мүмкіншіліктерін қалпына келтіруді жүзеге асырып жатқан Тиссен мен Круштің семьялары бар. Болат өндірісінің 97 проценті, шойын өндірісінің 85 проценті және болат прокаты өндірісінің 91 проценті осылардың қолында. Өз жұмысында ба-

Тегерандағы тұтқындау

ТЕГЕРАН, 16 сентябрь. (СОТА). 11 сентябрьден бастап Тегеран газеттері «халықтық партияның жауынгерлік ұйымына» кіріп және мемлекеттік төңкеріс жасауға ниеттенді деген сылтаумен Иран армиясының полиция мен жандарм офицерлерінің көптеп тұтқында алынуы туралы хабарлар жариялаған.

«Седас ватан» газеті 14 сентябрьде «халықтық партия таратқан жауынгерлік ұйымының 78 мүшесінің тізімін жариялаған. Газет Хосрова Рузбек, майор Фуладж және медициналық қызметтің майоры Ширзадеганнан басқаларынан бәрі тұтқындалды деп көрсетеді. Бұл тізімде 13 полковник пен подполковниктің, 13 майордың, 23 капитанның, 19 аға лейтенант пен лейтенанттың, сол сыяқты бірнеше жай азаматтардың аттары келтірілген.

«Бейхая» 14 сентябрьде былай деп хабарлаған: соңғы 24 сағат бойына тағы да 19 офицер тұтқынға алынды.

«Эттедаат» газеті былай деп хабарлайды: Абаданда армияның, полицияның, соғыс губернаторлығы мен соғыс-теңіз күштерінің бір топ офицерлері тұтқындалды.

Баспасөздің хабарлауы бойынша Меджлистің 14 сентябрьде болған мәжілісінде депутат Шустарий тұтқындалған офицерлер, кіші офицерлер мен солдаттар, полицейліктер, жандармдар және халықтық партияның мүшесі болып табылатын жай азаматтарды соғыстық дала сотына беру туралы ұсынысты Меджлистің заң жобасының бекітуіне талсырды. Бұл заң жобасы, сол сыяқты, мемлекеттің барлық мекемелерінде тазалау жүргізу жұмысын көздейді.

қостып отыр. Мүдделі мемлекеттер шын тілесе, реттелмеген проблемалар жөнінде бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін келісімге жету үшін барлық мүмкіндіктер бар екендігіне Женева келісімінің нәтижелері халықтардың көзін айқын жеткізді. Шетелдердегі демократияшыл жұртшылық осыны есепке алып, Герман проблемасын шешкенде Батыс Германияда милитаризмнің қайта тудырылуына жол берілмейтіндей етіп және Европада шын хауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей болып шешуді талап етіп отыр.

АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРКІНЕ

ҚАРСЫ

Сегіз мемлекеттің — АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның, Жаңа Зеландияның, Филиппиннің, Таиландтың және Пакистанның өкілдерінің Манилада (Филиппины) сентябрьдің бас кезінде болған конференциясым СЕАТО шарты дейтінге қол қойылумен аяқталды.

Англия парламентінің мүшесі Батыс Германияны қарулауды жоспарын айыптайды

ЛОНДОН, 16 сентябрь. (СОТА). «Дейли Уоркер» газетінің хабарлауы бойынша 15 сентябрьде лейбористік партияның мүшесі болып табылатын әйелдердің жыйналысында сөз сөйлеген Уэст-Хитли (Суэске графтығы), парламент мүшесі Варвара Касл Батыс Германияны қарулауды ру жөніндегі «Иденнің жаңа ұсынысына» қатты сынға алған.

Бұл ұсыныс европалық қорғаныс бірлестігін құру жоспарының күйрегінен Иденнің сабақ алмағандығын көрсетеді

«Иденнің жаңа ұсынысына» саясатын жүзеге асырып жатқан американо монополияларының пайдасына қызмет етеді.

Оңтүстік-Шығыс Азияның негізгі елдері — Индия, Индонезия, Цейлон және Бирма — Манила конференциясына қатынасудан бастартты. Екінші жағынан, бұл конференцияға қатынасқан сегіз елдің ішінде тек екеуі — Таиланд пен Пакистан ғана — Оңтүстік-Шығыс Азия елдері болып табылады. Сонымен, СЕАТО шарты отаршыл державалардың келісімге келуінің нәтижесі және ол Азияны мекеңдеген барлық халықтардың тұрмыстық мүдделеріне қарсы бағытталған. Осыны атап көрсете келіп, «Берита Индонезия» газеті былай деп жазады: «Оңтүстік-Шығыс Азияның басты-басты елдері — Индия, Индонезия, Бирма — СЕАТО шартын қабылдамай аулақ тастады. Әуелі азғын болып туған бұл шарт халықтары бейбітшілікті тілеп отырған Азия жағдайында күн көре алмайды.

П. ГРИНИН,
Н. ЗАХАРОВ.

ойынды кейінге қалдырды. «Локомотив» және «Динамо» командаларының кездесуі 2:1 есебінде локомотившілердің жеңісімен аяқталып, бес ойын кейінге қалдырылды.

«Наука» және «Спартак» командаларының кездесуі қатты күрес үстінде өтіп, ақыры 4,5:1,5 есебінде «Спартак» командасының пайдасына шешілді және екі партия кейінге қалдырылды.

10 турдан кейін «Наука» қоғамының командасы алда келеді. Бұл команда 41 ұпай жыйнап, жеті ойынды кейінге қалдырған. «Спартак» командасы 40,5 ұпай алды және 11 ойынды кейінге қалдырды. «Медик» шахматшылары 35,5 ұпайға ие болып, 8 ойынды кейінге қалдырды.

Бүгін кейінге қалдырылған партияларды ойнау аяқталады.

ИЗМИРДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӨРМЕНКЕДЕ

СТАМБУЛ, 16 сентябрь. (СОТА). Стамбул газеттері Измирдегі халықаралық жәрменкенің үлкен табыстары жөнінде хабарлайды. Жәрменкеге 17 мемлекет қатысады.

«Жәрменке, — деп жазады «Ени Истамбул» газеті, — күн санап өзіне қызықтыра түсуде. Оның ашылған күнінен бері, яғни 20 августан 14 сентябрьге дейін жәрменкеде 1.332.200 адам болды.

Совет павильоны мұнда келуші жұртшылықтың назарын ерекше аударады. Ауыл шаруашылығымен елдің еңбекшілерінің 80 проценттен астамы айналысады. Сондықтан да жәрменкеге келушілер, әсіресе шаруалардың советтік ауылшаруашылық машиналарына деген ынталылығының күшейе түсіп отырғаны өзінен өзі белгілі.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ
КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«АЛДАНҒАН ҮМІТТЕР»

Сеанстар 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, аумлшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02660.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.